

#ЖаңаҚазақстан

Мемлекет пен халық мүддесін бәрінен биік қойғанда ғана, мақсатымызға жетеміз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ТҮЛФАТАНУ



«МЕН ХАЛҚЫМА СЕНЕМІН, ОНЫҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР»

8-9

МӘСЕЛЕ



ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУЫМЫЗ КЕРЕК...

5

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

23.08.2022

Түнде:



+8+10 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+20+22 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
5-10 м/с

24.08.2022

Түнде:



+5+7 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+18+20 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
7-12 м/с

НӨМІРДІҢ НАҚЫЛЫ

Панам да ел,
данам да ел.
Созан арқа сүйедім,
содан үйрендім.

Дінмұхамед
ҚОНАЕВ.

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №97 (6232) 23 тамыз, сейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ЭКСПОРТТЫҚ БАҚЫЛАУ – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

Мемлекет басшысы Қауіпсіздік кеңесінің отырысын өткізді



Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ақордада Қауіпсіздік кеңесінің отырысы өтіп, қаруды өндіру мен сатып алу, сондай-ақ осы саладағы экспорттық бақылау мәселелері қарастырылды.

Қауіпсіздік кеңесінің Төрағасы Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың, Индустрия және инфрақұрылымдық даму ми-

нистрі Қайырбек Өскенбаевтың және Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовтың баяндамаларын тыңдады.

Отырыс соңында Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік органдарға тиісті тапсырмалар берді.

«АҚПАМ-АҚПАРАТ».

ҚОНАЕВ – 110

ЕСІМІ МӘҢГІ ЕСТЕ

Алматы қаласында Дінмұхамед Қонаевты еске алу күні аталып өтті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Кеше қазақтың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың өмірден озғанына 29 жыл толды. Осыған орай, 3 мәрте Социалистік Еңбек Ері, дипломат, академикті еске алу бейіт басында Құран бағыштау рәсімімен басталып, Д.А.Қонаев бюстіне гүл шоқтарын қоюмен жалғасын тапты.

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақаловты қабылдады.
- Еліміздің шығысында 2 градусқа дейін үсік жүреді.
- Қазақстанда сары майға сұраныс артты.
- Қазақ әскері «Әлем жауынгерінің» әскери-қолданбалы сайысында үздік атанды.
- «Дос-Мұқасан» ансамблі туралы фильм жарыққа шықты.
- «Болашақпен» тағылымдамадан өтуге құжат қабылдау 5 қыркүйекте басталады.
- Алматы мен СҚО оқушылары бес күндік оқу аптасына көшеді.
- Алматының екі ауданында есірткі қылмысының жолы кесілді.

www.almaty-akshamy.kz



7



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркияның Мардин және Газиятеп провинцияларындағы жантүршігерлік жол-көлік апаттарынан көп адамның қаза табуы мен бірқатар азаматтың ауыр жарақат алуына байланысты Президент Реджеп Тайип Ердоғанға көңіл айту жеделхатын жолдады.

– Осындай қиын сәтте қайғы-қасіреттеріңізге ортақтасып, барша қазақстандықтың және жеке өзімнің атымнан сізге және жақындарыңа айырылған отбасыларға, сондай-ақ бауырлас түрік халқына қайғыра көңіл айтамын. Марқұмдардың Алла Тағаланың шапағатына бөленуін, зардап шеккендердің тез арада сауығып кетуін тілеймін, – деп жазылған Президенттің жеделхатында.

Мемлекет басшысы, сондай-ақ, Қырғыз Республикасы азаматтарының Ресей Федерациясының Ульянов облысында жол апатынан қаза табуына байланысты бауырлас Қырғыз елінің Президенті Садыр Жапаровқа көңіл айту жеделхатын жолдады. Қазақстан Президенті жеделхатта барша қырғыз халқы мен қайтыс болған азаматтардың туған-туыстарына, жақындарына көңіл айтты.

■ ӘКІМ

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев Мемлекет басшысына аймақтың стратегиялық даму жобасы туралы баяндады.

Дамудың негізгі 5 бағытынан тұратын құжат 2 кезенді қамтиды. Алматы облысында таяу уақытта инвестицияның өсімін 455 миллиард теңгеден 686,5 миллиард теңгеге дейін арттыру жоспарланған. Осы мақсатта құны 618 миллиард теңге болатын әрі 7 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін 132 жобаның инвестицпортфелі жасақталған. Аймақ басшысы мәлімдегендей, Алматы агломерациясының аймақаралық жоспарына сәйкес, облыстағы нысандар инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етіледі. Өңірде 2025 жылға дейін «Жайлы мектеп» жобасымен 51 мектеп салу жоспарланған. Президентке ұсынылған мәліметтерге сәйкес, өңірде 38 медицина нысаны салынады. Оған қоса, облыс орталығында 500 орынды көпсалалы аурухана құрылысы жобаланған. Қазірдің өзінде облыста 2626 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін құны 290 миллиард теңгелік 23 жоба іске асырылып жатыр. Агроөнеркәсіп кешені саласында 3330 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін құны 210 миллиард теңге болатын 78 жоба жүзеге асырылып келеді.

■ ЕЛОРДА

Еліміздің астанасында ядролық медицина орталығы ашылады. Ядролық медицина орталығының ашылуы медициналық көмектің сапасын едәуір арттыруға және пациенттердің зерттеуге кезегін азайтуға мүмкіндік береді, соған сәйкес пациенттер зерттеуден өтуге 3-4 ай бұрын жазыла алады.

Мамандар бұл орталықтың циклотронды кешені ПЭТ-диагностика жасау үшін 9 радиофармпрепарат өндірісін жолға қоюға мүмкіндік беретінін айтып отыр. Олар диагностика қою қиын обыр ауруларын, сондай-ақ кардиологиялық және неврологиялық ауруларды ерте кезеңде айырып тануға көмектеспек. Бұл препараттардың 8-і Қазақстанда бұрын өндірілмеген.

Бұл кешеннің және бір ерекшелігі – радиациялық қауіпсіздік және фармацевтикалық сапа жүйесінің талаптарына сәйкес жоспарланған 9 РФП барлық желісін өндіруді қамтамасыз ету үшін өндірістік, талдамалық, дозиметриялық жабдықпен толық қамтамасыз етілген. Ядролық медицина орталығы көп ұзамай халыққа қызмет ете бастайтын болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

СЕНІМДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев
Ресей Президентімен кездестіАқорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай,
Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының
Президенті Владимир Путинмен келіссөз жүргізді.

Кездесуде мемлекеттер басшылары Қазақстан–Ресей стратегиялық әріптестігінің өзекті мәселелерін жан-жақты талқылады. Сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты нығайтуға ерекше назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты қарым-қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын, Қазақстан мен Ресей арасында стратегиялық серіктестік негізіндегі қарым-қатынас орнағанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев сауда-экономикалық ынтымақтастық табысты дамып келе жатқанына тоқталып, өнеркәсіп кооперациясы біздің көңілімізден шығатындай елеулі нәтижелерге жеткенін атап өтті. Өткен жылы сауда көлемі 24,5 миллиард долларды құраған. Бұл көрсеткішпен Ресей біздің тауар айналымымызда бірінші орында тұр.

БҰҰ және басқа да халықаралық институттар арқылы екі ел белсенді ынтымақтасып келе жатқанына тоқталған Қасым-Жомарт Тоқаев биыл Қазақстан ТМД-ға төрағалық ететінін, қазан айында ТМД саммиті өтетінін тілге тиек етті. Бұл ретте Ресей Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында маңызды рөл атқаратынына тоқталып, бұл шынымен де халықаралық форматтағы ынтымақтастық-

тың басым бағыты екеніне назар аударды.

Мемлекет басшысы қазіргі геосаяси жағдайдағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайту мәселелеріне назар аударды.

– Геосаяси жағдайдың ерекшелігі үкіметтерімізге қосымша нұсқаулар беру үшін келісіп алу қажет екенін көрсетіп отыр. Олар бір-бірімен табысты қызмет етіп келеді. Дегенмен, өмірдің өзі жаңа міндеттер қояды және олар шешуді қажет етеді. Жалпы, біздің ынтымақтастығымыздың дамып келе жатқанына қанағаттануға толық негіз бар. Мен бұл тұрғыда сізбен келісемін. Бізді ортақ шекара біріктіреді. Ол – әлемдегі ең ұзын, құрлықтағы толығымен делимитацияланған шекара. Біздің ынтымақтастығымыздың болашағына қатысты пессимистік болжамдар жасауға, әрине, негіз жоқ! Мен Қазақстан Республикасының Президенті ретінде барлық салалардағы екіжақты ынтымақтастығымызға қосымша серпін беруге ниеттімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ресей Президенті Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевқа шақыруын қабыл алып, Сочиге келгеніне алғысын білдірді.

– Шақыруымды қабыл алғаныңызға рахмет. Біз екеуіміз үнемі кездесіп тұрамыз. Жакында ғана жүздескен едік, енді міне, Сочиде кездестік. Алдымызда өте ауқымды жұмыс бар. Ал биыл ерекше жыл. Біз қазан айында дипломатиялық қарым-қатынастың 30 жылдығын атап өтеміз. Осы датаға орай түрлі іс-шаралар жоспарланып отыр. Біздің министрліктер мен ведомстволар белсенді жұмыс істеп жатыр. Үкіметаралық комиссия қарқынды жұмыс істеп келеді. Сыртқы істер, қорғаныс министрліктері бірлесіп, түрлі іс-шараларды, соның ішінде ҰҚШҰ аясындағы бірлескен оқу-жаттығуларды және тағы басқаларын дайындап жатыр. Тауар айналымы өсіп келеді. Былтыр 34,4 пайызға өссе, биыл бес айда 9 пайызға дерлік, 8,8 пайызға өсті. Инвестициялар екі жақтан да артып келеді. Меніңше, Ресей инвестициясы 18 миллиард долларға жетті, ал Қазақстанның Ресейге салған инвестициясы төрт жарым миллиард шамасында. Қазақстанның сауда-экономикалық серіктестері арасында Ресей бірінші орында тұр. Бізде сондай-ақ жақсы ірі жобалар дамып жатыр. Жоғары технологиялық салаларда, соның ішінде ғарыш саласында жұмыс істейміз. Жалпы, жұмыс барлық бағыт бойынша айтарлықтай қарқынды әрі оң бағытта жүріп жатыр. Біздің кездесуіміз, әрине, сенімді стратегиялық серіктестігімізді дамытуға қосымша серпін беретініне өте қуаныштымын, – деді Ресей басшысы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

■ ҚҰРЫЛЫС

«Алтын Орда» базары
маңындағы Алматы–
Бішкек учаскесінде
жолды кеңейту
бойынша күрделі
жөндеу жұмысы
аяқталуға жақын.
Бүгінгі таңда барлық
жұмыстың 90 пайызы
орындалды.Айжан
БҮРКІТБАЕВА

«Келісім-шарт бойынша бұл жоба 1 қарашада аяқталуы тиіс. Бірақ біз жұмысты күшейттік. Бас мердігер қыркүйекте негізгі тас-жолды аяқтау және көлік қозғалысын ашу үшін барлық қажетті резервтерді қосуда», – деп жазды Facebook-тегі парақшасында «Қаз-АвтоЖол» ұлттық компаниясының

басқарма төрағасы Мейірхат Қасымбаев.

Бұған дейін «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясының баспасөз қызметі «Алтын Орда» базары маңындағы Алматы–Бішкек учаскесінде жолды кеңейту бойынша күрделі жөндеу жұмысы аяқталуға жақын екенін мәлімдеген болатын.

Еске салайық, «Алтын Орда» базарының жанындағы эстакада былтыр желтоқсан айында ашылған еді.



БРИФИНГ

Алматы – дарындылар қаласы



Досбол
АТАЖАН

Алматының 18 оқушысы олимпиадалар бойынша ұлттық құрама командасының құрамына енді. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «Алматы дарыны» дарынды балалар мен дарынды жастарды анықтау және қолдау орталығы директорының орынбасары Гүлнұр Кәрімғажы, сондай-ақ биология пәні бойынша Халықаралық олимпиаданың қола жүлдегері Бақдәулет Ерназаров осы тақырыпты тарқатты.

Өткен оқу жылында Қазақстан құрамасы әлемнің 100-ден астам қатысушы елдері сайысқа түскен математика, физика, география, химия, биология, лингвистика және информатика (JBMO, IMO, IPHO, IGeo, IChO, IBO, ILO, IOI) бойынша 8 беделді халықаралық олимпиадаларға қатысқаны белгілі болды. Нәтижесінде Қазақстан құрамасының мүшелері рекордтық 33 медаль (5 алтын, 17 күміс, 11 қола) жеңіп алды.

Гүлнұр Кәрімғажының айтуынша, дарынды балаларды қолдау, дамыту және әлеуметтендіру өте маңызды. 20 жылдан астам уақыт бойы Алматы қаласының олимпиадалық командасы халықаралық олимпиадалардың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының ең үздік олимпиадалық командасы ретінде мойындалған. Бұл қаланың басты жетістіктерінің бірі әрі мақтанышы. Ағымдағы оқу жылында республика құрама командасына Алматы қаласынан 18 оқушы қосылып, оның ішінде 11 оқушы 5 күміс, 6 қола медаль иегері атанды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша дарынды балаларды қолдау мақсатында биыл алғаш рет халықаралық зияткерлік сайыстардың жеңімпаздарына ақшалай сыйлықтар мен қазақстандық жоғары оқу орындарында білім алуға гранттар беріледі. Алтын медаль алған оқушыға 1500 АЕК, күміс медальға 1000 АЕК, қола медальға 500 АЕК көлемінде ақшалай сыйлық беріледі. Мектеп оқушыларын жарысқа дайындаған ұстаздарға да біржолғы сыйақы беріледі.

Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 29 шілдедегі бұйрығымен жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, оларды дайындаған мұғалімдерге біржолғы сыйақы төлеу қағидалары бекітілді.

«Жалпы, Алматы қаласында дарынды балаларды қолдау бойынша бірегей тәжірибе жинақталған. Егер 2021 жылға дейін 56 олимпиада мен байқау өткізілсе, биыл 175-і өтті. Біз балаларды жеңуге көмектесетін оқу-жаттығу жиындарын тұрақты негізде ұйымдастырамыз. Балаларды иетелсе шығару жоспарда бар», – деді Гүлнұр Кәрімғажы.

Биология пәні бойынша Халықаралық олимпиаданың қола жүлдегері Бақдәулет Ерназаров журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, жаттықтырушы мен мұғалімдерге дайындалу үшін алғысын білдірді. Оқушы биологияны 7-сыныптан бастап терең зерттей бастаған, оған осы саланы меңгеру оңайға түскен. Бүгінде ол жаңа олимпиадаларға дайындығын жалғастыруда.

КЕЗДЕСУ



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматы қаласының Жастар саясаты басқармасы «Жас кәсіпкерлер» клубының алғашқы кездесуін өткізді. Іс-шара жас кәсіпкерлерге қолдау көрсету, сондай-ақ бизнесті әлеуметтендіру аясында өрбиді.

«Біз жас бизнесмендер үшін алаң құрып, қоғамдық пайдалы саланы дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламасын әзірлегіміз келеді, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарды жұмысқа тарта отырып, кәсіпкерлерді қолдау тетіктерін іске асырганды мақсат етіп отырмыз. Әлеуметтік мәселелерді шешуде, әлеуметтік серіктестікте, толық ауқымды қоғамдық жобаларды құруда, мұқтаж жан-дарға қолдау көрсетуде және болашақта оң өзгерістер енгізуде олардың әлеуетін біріктіру үшін мықты, харизматикалық адамдардың бірыңғай қауымдастығын құру жоспарлануда», – деп атап өтті Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Қайыржан Меңдіғалиев.

Жалпы, Қазақстан бойынша кәсіпкердің орташа жасы 35 жасты құрайды. Олардың арасында 29 жасқа дейінгі жұмыс істеп тұрған жас кәсіпкерлердің басым бөлігі Алматы қаласына тиесілі – 33 мың. Ағымдағы жылғы бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша мегаполисте жеке кәсіпкерлер санының өсуі байқалады. Мәселен, жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны 2021 жылмен салыстырғанда 19,5%-ға өсіп, 233 030-ды құрады.

Жиын барысында пайдалы нетворкингтен

ҚАУІПТІ АЙМАҚ



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматы өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС филиалы – «ЖТ Алматы бөлімшесі» бас инженерінің міндетін атқарушы Александр Игошеннің қатысуымен брифинг өтті. Ол теміржолдың қауіпті аймақтарын атап, оның жанында барынша мұқият болу керектігін ескертті.

«Ағымдағы жылдың 7 айында теміржолдың Алматы филиалының шекарасында локомотив бригадалары шұғыл тежегішті 110 рет қолданған, оның ішінде 5 оқиға өліммен аяқталды. Тежеу санының азайғанына қарамастан, статистика өте жағымсыз», – деп атап өтті А.Игошен.

Бүгінде теміржолшылар адамдардың пойыз астында қалуын алдын алуда. Ол үшін желілік полиция бөлімімен бірлесіп рейдтер жүргізіліп, түсіндірме әңгімелер, оқу орындарында кездесулер өткізіген. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жұмыстар пысықталған.

«Теміржолдың жанында тұратын адамдар қозғалыс қауіпсіздігін естен шығармауы тиіс. Олар теміржолдардағы белгіленбеген орындарда жолдарды кесіп өтпеуі, теміржол көлігі объектілерінде ойын-сауықтар өткізбегені абзал. Жолаушылар пойыздарының жылдамдығы сағатына 140 шақырымға жетеді, ал жүк пойыздары сағатына



110 шақырым жылдамдықпен жүреді. Оның салмағы 7000 тоннадан асады. Мұндай көрсеткіштер кезінде локомотив бригадасы жолда кедергіні байқаса шұғыл тежеуді қолдануы әбден мүмкін. Ал локомотивті оқыс тоқтатқан кезде жолдың бейініне, пойыздың салмағына және қозғалыс жылдамдығына байланысты кемінде 500 метр, ал кейде бір километрден артық қашықтық қажет болады. Бұл автокөлік емес, онда бірнеше метр қашықтықта тоқтауға немесе бір жаққа бұруға болады», – деді ҚТЖ спикері.

Александр Игошен өз сөзінде пойыздарды шұғыл тоқтату теміржол көлігінің жұмысына кері әсер ететінін айтты.

ҮЙІРМЕ

МАҚСАТ – БАЛАЛАР СПОРТЫН ДАМУ

Алматыда 8 мыңнан астам бала 36 үйірмеге тегін қатысады

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы спорт басқармасы басшысының орынбасары Бекжан Онжан айтты.

Бекжан Онжан Алматының 8 ауданында 100 бос уақыт орталығы бар екенін, онда 8 мыңнан астам адамды қамтитын тегін түрде 36 спорт үйірмесі жұмыс істейтінін мәлімдеді. «Жоба мақсаты – 6 жастан 15 жасқа дейінгі балалар үшін бұқаралық қолжетімді спортты дамыту, олар кейіннен кәсіби спортқа көшуге мүмкіндік алады. Аталған бағдарламаға қатысушылар ішіндегі болашағы бар 60-тан астам бала Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне қабылданды», – деді басқарма өкілі.

Ол Алматыда спорттың ойын түрлері бойынша тоғыз спорт клубы қаржыландырылатынын жеткізді. Олардың ішінде: «Буревестник Алматы» волейбол клубы, «Алматы» қыздар волей-

бол клубы, «Алматы» баскетбол клубы, «Айсұлу» әйелдер хоккей клубы, «Алматы» хоккей клубы, «Азия Спорт» КҚ регби клубы, «Алматы» гандбол клубы, «Қайрат» ФК, «Қайрат» футбол академиясы бар.

Сонымен бірге, Президент Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық жоспарды орындау мақсатында кәсіби спорт клубтарын бұқаралық спортқа қайта бөле отырып, оларды күтіп ұстауға қаржы қарастырылған.

Спикер Алматы қаласы мен Республика құрама командаларына спорт резервіне спорттың 78 түрінен 13 мыңнан астам спортшы дайындалып жатқанын атап өтті. Яғни бүгінде Республиканың ұлттық құрамасына 906 алматылық спортшы кіреді. Оның ішінде негізгі құрам – 135, жастар құрамы – 375, жасөспірімдер құрамы – 396 спортшы.

Айжан ШАЛАБАЙҚЫЗЫ.

ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

басқа, BVQ Business Fest кәсіпкерлікті қолдаудың қолданыстағы тетіктерінің тұсаукесері өткізілді.

«Шағын және орта бизнесті қолдау үшін қаржылық және қаржылық емес қолдау құралдарының кең жиынтығы іске қосылған. Бұл – жеңілдетілген несиелер. БЖК–2025, қарапайым заттар экономикасы, АӨК, Алматы бизнес 2025, Алматы бизнес мемлекеттік және өңірлік бағдарламалары шеңберінде. ШОБ субъектілері үшін залалды өтеу бойынша өңірлік комиссия белсенді жұмыс жүргізуде.

Қазіргі уақытта 1580 ШОБ субъектісіне 14,2 млрд теңге сомасында төлем жүзеге асырылды. Зардап шеккен кәсіпкерлердің 98%-ы өтемақы алды. Бүгін олар өз келушілеріне есігін қайта ашып, қызметтеріне қайта оралды», – деп түсіндірді Алматы қаласы Кәсіп-

керлік және инвестициялар басқармасының басшысы Берік Сұлтанбаев.

Б.Сұлтанбаев зардап шеккен ШОБ субъектілерін коммуналдық шығындардан босату, несиелер бойынша төлемдерді кейінге қалдыру, коммуналдық нысандар мен ірі сауда объектілерінде жалдау акысын алуды алып тастау түріндегі бірқатар қаржылық емес шаралардың арқасында кәсіпкерлердің белсенділігін сақтап қалуға қол жеткізілгенін атап өтті.

Айта кетейік, «Almaty Business–2025» қалалық бағдарламасына бірқатар өзгерістер енгізілді. Зардап шеккен кәсіпкерлер үшін жылдық 2% мөлшерлемен жана кредиттік өнім енгізілді, кепілсіз кредиттеу бойынша мөлшерлеме 12%-дан 9%-ға дейін төмендетілді, негізгі борышты өтеу бойынша кейінге қалдыру, сондай-ақ Almaty Finance қарыз алушылары мен қаңтар айындағы оқиғалар бары-

сында зардап шеккен Almaty МҚҰ-ның жұмыс істеп тұрған қарыз алушылары үшін айыппұлдар мен өсімпұлдардан 180 күнге дейін босату ұсынылды.

Сондай-ақ, «Факторинг» жаңа құралын енгізу жоспарлануда. Бұл құрал айналым қаражатын толықтыру және кассалық алшақтықты болдырмау үшін кәсіпкерлердің сұранысына ие. Бағдарламаны іске асыру кезінде кредиттер үшін жылдық 6% және факторингтік мәмілелер үшін жылдық 8,5% мөлшерінде бірыңғай сыйақы мөлшерлемесі белгіленетін болады.

Сонымен қатар, бизнесті қолдау және дамыту үшін «Qoldau» кәсіпкерлік орталығы жұмыс істейді, ол бизнеске «бір терезе» қағидаты бойынша кеңес береді.

Қалада шағын және орта бизнес үшін шағын өнеркәсіптік парктер белсенді дамуда. Бүгінгі таңда 670-тен астам жұмыс орнын құрумен 8 өнеркәсіптік парк іске асырылды. Өнеркәсіп парктерінде тамақ, жеңіл, жиһаз және құрылыс өнеркәсібі салаларында 53 кәсіпорын іске қосылды. Алматы индустриялық аймағының аумағында тағы 7-еуін іске қосу жоспарлануда.

Шара барысында Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ректоры Әйелдерге арналған жаңа өнеркәсіптік коворкингті таныстырды.

Кездесу қорытындысы бойынша жобаларды талқылау, жауаптар мен сұрақтар сессиясы өтті. Алынған кері байланыс 2025 жылға дейін жастарды қолдаудың Жол картасын дайындау үшін пайдаланылатын болады.

Естеріңізге сала кетейік, 35 жасқа дейінгі бизнесмендер мен мемлекеттік органдарды біріктірген Жас кәсіпкерлер клубын құру идеясын Жастар саясаты басқармасы ұйымдастырған. Жылдық айналымы жылына 60 миллион теңгеден басталатын 20–35 жас аралығындағы жас кәсіпкерлермен welcome-кездесу барысында ұсынылған болатын.



АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ

Көңілге қорқыныш ұялатады



Ағаштар – қаламыздың көркі, адамдардың демалатын орны. Алайда, күз түспей жатып ағаштарымыз қурап жатыр. Бұл – өте өкінішті жайт. Алматы сияқты мегаполистерде 30 жылдан артық уақыт өсіп тұрған ағаш адам өміріне қауіп төндіреді. Қазірдің өзінде қалада ондаған мың ағаш құлағалы тұр. Бұл дегеніміз, күн кенеттен суып, қатты дауыл тұрса, апатты жағдайларға әкеп соқтырады. Осы орайда, редакцияға хабарласқан оқырманымыздың өтінішін назарларыңызға ұсынсақ... «Өзіміз тұратын «Көктем-2» ықшамауданына қарасты балалар алаңында қураған ағаштарды күнде көреміз. Күн суытса, балаларымызды алаңға ойнатудан қорқамыз. Ағаштар құлап кете деген ой тұрады. Тұрғындар-

дың арасында зейнеткерлер де баршылық. Кейбірі тіпті мұндай ағаштарды байқамайды. Саябақтың болғаны жақсы, алайда қауіп-қатерге толы болғаны көңілге қорқыныш ұялатады. Бұрынғыдай жасыл желекке оранған қаламызды қайта көргіміз келеді. Мүмкін олардың қурауына адамдардың да кінәсі бар шығар. Алайда, жаңа көшеттерді отырғызып, қайта жандандыруға болады ғой», – дейді Абдуазиз Мадьяров есімді оқырман. **Бұл мәселені шешу мақсатында құзырлы органдарға хабарластық. Өтініш Open Almaty сайтында №СС.2022.0043408 нөмірімен тіркелді. Алдағы уақытта саябақтағы қураған ағаштар кесіліп, жаңа көшеттер отырғызылады деген сенімдеміз.**

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

Қазылған көше...

Қаланың басым бөлігінде көшелер қайта жөндеуден өте бастады. Алайда, кей жерлер қазылған қалпында қалып қойған. Бұл туралы Диана Мұхамбетали есімді тұрғын өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жариялаған. «Тұрғыт Өзал (Бауман) көшесінің бойында жол қазылғанына бір айдан асты. Алайда, әлі күнге дейін жөндеу жұмыстары жүргізілмеді. Көптеген жүк көліктері өтеді, шаң-тозаң мазамызды алады. Тыныс жолдарымызға, киімдерімізге де зиянын тигізуде. Қалада тұрсақ та, жапан далада жүргендей күй кешудеміз. Жаңбыр жауса, көше балшыққа айналады. Бұл туралы кімге, қалай жүгінетінімізді түсінбей дал болудамыз. Жолымыз тезірек жасалса», – дейді Диана Мұхамбетали. **Бұл мәселені білу мақсатында жауапты тұлғаларға хабарластық. Алайда, олардан нақты жауап алу мүмкін болмады. Осы ретте Алмалы ауданының әкімдігінен жауап күтеміз.**



САЯБАҚ

Құрылыс ережесі сақталсын!

Алмалы ауданының тұрғындары Құрманғазы мен Байсейітова көшесіндегі саябақта құрылыс жүргізіп жатқан жұмысшыларға наразы.



– Мен осы саябаққа жақын манда тұрамын. Әрине, саябақтың жаңарып жатқаны бізді қуантады. Дегенмен, құрылыс жасаудың да өзіндік ережесі бар емес пе? **Жұмысшылар құрылыс жабдықтарын көрінген жерге қойып кетеді. Мына бір топ брусчаткамен Құрманғазы көшесіндегі жаяу жүргіншілер жолын жауып тастаған (суретте көрсетілген).** Саябақ аумағы қоршалғанымен, осы Құрманғазы көшесінен Байсейітовамен жоғары қарай тағы осы құрылыс материалдары тұр. Айналаға әртүрлі қоқыс толып кеткен. Себебі, өз заттарын қойған кезде

қоқыс жәшіктерін құлатып кеткен. Оны орнына қойып жүрген жұмысшы көрінбейді. Бізге көп нәрсе керек емес, тек әр жұмыс өзгелерге кедергі келтірмейтіндей өз ретімен орындалса екен дейміз, – деді Алмалы ауданының тұрғыны.

Тұрғын өтінішінен кейін біз айтылған мекенжайды тексеріп көрдік. Құрылыс материалдары саябақ аумағынан тыс жерге қойылып, тұрғындардың жүріс-тұрысына кедергі келтіріп тұр. Алмалы ауданының әкімдігі айтылған мәселеге назар аударады деп үміттенеміз.

АБАЙ ДАҒҒЫЛЫ

Қала көшелеріндегі орындықтардың сапасын сын көтермей тұр.

Абай даңғылы – шаһарымыздың ең көрікті әрі басты көшелерінің бірі. Алматыға келген туристер де бірінші осы көшенің бойымен жүрері сөзсіз. Ал кешке қарай Абай бойында тіршілік тіпті қайнайды. Жұмыстан қайтқан тұрғындар даң-

ғыл бойындағы аялдамаларға асығады. Ал өзге адамдар әртүрлі демалыс орындары тізбектей орналасқан көшеде серуендеуге шығады. Сонда бірінші көзге түсетін жәйт – әдемі су бұрқақ не жасыл желек емес, орнатылғанына көп болмаса да, тозығы жеткен орындықтар. Алматының басты көшелерінің бірімен жүріп, көз салсаңыз, екі орындықтың бірі сынып тұр.

Көбісінің арқалығы құлап жатпаса да, ағаштары көтеріліп кеткен (суретте көрсетілген), отыруға ыңғайсыз.

Абай даңғылындағы орындықтардың жағдайы осындай болса, кішігірім көшелерді айту тіпті артық болар. **Сондықтан аудан әкімдігі алдағы уақытта шаһардың басты көшесіндегі олқылықтардың орнын толтырады деп үміттенеміз.**



НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ



Тікелей қатынайтын автобус жоқ

Алматының шеткері жағындағы ықшамаудандарда тұрғындардың көпшілігі қоғамдық көліктердің аздығына шағымданады. Сөздеріне сенсек, жұмысқа уақытылы қатынау мүмкін емес. Қалада тұрады десе де, жолға 2 сағат кетеді. Оның басты себебі, қалаға қатынайтын қоғамдық көліктердің саны аз. Ал халықтың басым көпшілігі сол шеткері аймақтарда орналасқан. «Менің «Шұғыла» ықшамауда-

нында тұрып жатқаным 3 жылдың көлемі болды. Бастапқыда қалаға жаңадан қосылды, бәрі жақсарар деген үмітте болдық. Жұмысқа бармай жатып-ақ шаршап кетеміз. 2-3 автобусты отыруымыз қажет болады. Абайдың бойында «118» деген жалғыз автобусымыз бар. Оның іші адамдарға ыңғайсыз. «Шұғыла» ықшамауданынан Саяхатқа Абай, Достық, әл-Фараби, Төле би, Райымбек арқылы тікелей қатынайтын ба-

ғыт жоқ. Қоғамдық көліктер мүлде реттілікті сақтамайды, 30 мин кешігеді, оның іші де адамдарға толы. Өте ыңғайсыз күй кешеміз. Осы мәселе бір реттілікке қашан түседі? Біз де жұмысымызға қысылмай-қымырылмай, көңілімізді түсірмей барғымыз келеді. Бұл мәселе шешілсе, барлық тұрғындар қуанатын еді», – дейді Гүлмира Әділхан есімді оқырман. **Бұған Наурызбай ауданының әкімдігі не дер екен?**



МӘСЕЛЕ

ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУЫМЫЗ КЕРЕК...

Таза болса табиғат, аман болар азамат

Елімізде «Жаңа Қазақстан» бастамасы жүзеге асып келеді. Жаңа Қазақстанды құру – халқымызға ортақ міндет. Оны қалыптастыруға әрбіріміз атсалысуымыз керек. Осыған орай, Алматы қалалық мәслихатының депутаты әрі қазақ журналистикасының белді өкілі Сергей ПОНОМАРЕВ ПЕН әңгіме құрған едік.

Түкіруге тыйым салуымыз керек

– Мемлекет басшысы «Жаңа Қазақстан» бастамасын ұсынды. Бұл ұғым төңірегіндегі ойларыңызбен бөліссеніз?

– Жаңа Қазақстан – біз шешуге тиіс тұтас сұрақтар кешені дер едім. Бұл қоғамның жанаруы. Дәлірек айтқанда, жемқорлықты жою. Демократиялық үдерістің қарқын алуы. Сонымен қоса, күнделікті өмір-салтымыздағы тазалық. Ол көшеден басталады. Өзім ұсынып бастаған «Түкірме» акциясы соған дәлел. Былайша айтқанда, жан мен тәннің,



беру керек. Болашақтың бағытын айқындап, әр жастың өз орнын табуға үлес қосқан абзал. Бұл үшін ауыл мен қала жастары тізе қосып тірлік еткені дұрыс. Өз замандастарын жақсылыққа үндеп, бейімдеу – болашақтың ісі. Бұрынғыдай жаттанды ұранға, құр сөзге ерік беретін дәуір артта қалды.

Жастардың санасында мынадай ойлар самсап тұруы тиіс. Нақтырақ баяндағанда, «егер мен адал, таза еңбек қылсам, оның нәтижесін міндетті түрде көремін, басқалай жол жоқ» деген сияқты тың идеялар тұнып жатқаны жақсы. Сонда қоғамның санасы тазарады. Шешімін таппай жатқан түйткіл тарқайды.



рухтың тазаруы. Өзінді дұрыс алып жүру. Қоршаған ортаға зиянды тигізбеу, осының бәрі аталған ұғымның құндылығын арттыра түседі. Осындай дараланған істерімен Алматы республикамыздың барша өңірлеріне үлгі болуы қажет.

Білесіз бе?! Жаңа Қазақстанның идеялық бағыты шынайы істермен жүзеге асуы керек. Мұны тірліктің әр саласында қолданған абзал. Бұл арада әркімнің үлесі маңызды. Сол себепті, селсоқтыққа бой алдырмауымыз керек. Егер көрінген қуыста, жең ұшынан жалғасқан ескі «бармақ басты, көз қысты» әдіспен жүре берсек, парақорлыққа жол берсек, онда ілгерілеудің ауылы алыс болмақ.

Қазір бірнәрсені ұғынған жөн. Үлкен өзгерістер кезеңінде күн кешудеміз. Табан ет, маңдай терді сығып жүріп қызмет ететін шак жетті. Дәп бүгін Мемлекет басшысына да жеңіл тимейтінін сезінеміз. Қанша дегенмен, ескі күштер жаңаны қабылдағысы келмейтіні анық. Сондықтан барлығымыз күш біріктірсек, кез келген дағдарысты еңсереміз.

Іскердің заманы келді

– Осы тұста жастардың миссиясы қандай болуы керек?

– Бұрынырақта біздің Қазақ ұлттық университетімізге ең мықты, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарлар келетін. Жалындаған жастар осында оқитын. Былайша айтқанда, нағыз «сен тұр, мен атайындар» еді. Өзім де осында оқыдым. Әлгіндей қайратты, білімді бастамашылдар қалғандарына үлгі көрсететін. Осылайша өзіндік мәдениет ел аумағына тарайтын. Дәл осындай үдерісті жалғастыра

Отаншыл рух бәрінен биік

– Сіздіңше патриот деген кім?

– Бізде патриот кісілер жеткілікті. Бар болғаны былай тұрсын, олардың қатары арта түсуі керек. Ойды ой түртпеді. Біз сөзіміз тұшымды болуы үшін әртүрлі фактіні келтірейік. Соның ішінде өткендегі Қантар оқиғасын еске алайық. Сонда еліміздің болашағы үшін өте алаңдадым. Біздің қарулы күштеріміздің қауқары қаншалықты екені байқалып қалды. Ар жағын әркім өзі-ақ бағамдап отырған шығар. Сонда олар қаланы қорғамақ түгілі, өз бастарына араша түсе алған жоқ. Бұл өте дабыл қағатын, тұтқиылдан шығатын мәселеге дайын жүретін сабақ болды. Иә, әскер санының, қауқарының қай деңгейде болғанын білеміз. Оның сыртында келісім-шартпен қызмет ететіндер де бар. Осындай жайттардан соң кішігірім қақтығысқа қарсы тұратын, ел шетін қорғай алатын әскер барына, оның қалыптасқанына күмәнмен қарайтын дәрежеге жеттік. Ең бастысы, қорғанысқа мән беріп, қарулы күштерімізді заманауи жабдықтармен жабдықтап, тек күшейте беруіміз ауадай қажет болып тұр.

Бізге Отанға деген сүйіспеншілік пен шексіз махаббат қажет. Сонда ғана патриотизмнің бәсі жоғарылайды.

Әскерді күшейтейік

– Қазір қаракөздеріміз әскерге барудан тайсалатын болды. Тіпті, «егер мен әскерге тап болсам, онда бәрі бітуі мүмкін» дейтін стереотип пайда болды. Мұндай керемет пайымды қайтін ауыздықтаймыз?

– Бұл үлкен маңызды сұрақ. Мұндай сауал бәрімізді толғандырады. Соның ішінде жастарға уайым тудыратын болды. Өйткені, бәрін көріп, біліп, естіп жүр. Жуырда әскери мамандар сарбазға түрлі құрылғы, қолдарына электронды білезік кигізуді ұсыныпты. Былайша айтқанда, суицидті болдырмаудың бір амалы ғой. Уағында өзіміз де Кеңес әскерінің құрамында қызмет еттік. Сөйтіп, Отан алдындағы борышымызды өтедік. Ол уақытта бәрі міндеттелді. Ешқандай дау туғызбады. Дәл бүгінгі таңдағыдай «жақсы немесе жаман» деген сауалдар қойылмайтын. Тек бір ғана мақсат болатын. Яғни әскерге барып, Отан алдындағы абыройлы міндетте өтеп келетінбіз. Өзіміз тура 2 жыл қызмет еттік. Қазір шекара, жалпы, ішкі әскер болып, т.б. бөлінетінін білеміз. 1 жыл түк те емес.

Біз бірнәрсені жете түсінуіміз қажет. Егер сарбаз өз қызметін дұрыс атқарсын десек, қолбасшылар мен бөлімше командирлеріне дейін мән беруіміз керек. Қай тұстан түйткіл туындады, соны түзеу маңызды. Офицерлердің дайындығы жаман емес. Бірақ ұдайы жетілдіруді талап етеді. Бір сәт те босануға болмайды. Келісім-шартпен қызмет етіп жүргендерді қайта даярлаудан өткізген абзал. Оларға мәдени сауаттылықты сіндірейік. Себебі, алдына келген жас өренді қорлама-сын. Қайта нағыз ата-анасындай қараса, қалған мәселе өз жөнін табады.

Төгілген тер текке кетпейді

– Журналистика – әскери сала, сот, заң, медицина, жалпы барлық салада көрініс табады. Тіпті, Ұлыбританияны басқарған Уинстон Черчилльді де бір кездері тілші болған деседі. Журналист ел басқара ала ма?

– Әрине, бәрі ықтимал! Президент болу жағын қайдам. Онысын уақыт көрсетер. Дегенмен, өз тәжірибеме сүйеніп айтар болсам, ұзақ жылғы еңбегімнің арқасында мәслихат депутаты атандым. Қоғамдық кеңестің мүшесі де болдым. Сол шақта Алматының экологиялық комитетін тізгіндедім. Экологиялық ахуалдың жақсаруына қызмет істедік. Дәлірек таза ауа мен жасыл желектің мол болуына жағдай жасадық. Мыңдаған көшет құр босқа ысырап болмауын қадағаладық. Әр ағаштың сұғарылып, түбінің қалай қопсытылып жатқандығына мониторинг жасадық. Тек қана «элиталық аумақты» тазартпай қаланың барлық жағына теңдей көңіл бөлуді мақсат тұттық. Көп-қабатты үйлердің салынуына да сараптама жүргіздік.

Алдағы уақытта бұйыртып жатса Мәжілісімен де болып кетуіміз мүмкін. Бұл өмір бәрі аяқастынан іске асып жатады. Таңқалмаймыз. Мұны жайдан-жай мысалға келтірмедік. Осы істің бәрін журналист болып жүріп те атқардық. Демек, бұл мамандықтық маңдайы жарық. Еңбек етсеңіз, міндетті түрде жемісін көресіз.

Жастарды баспанамен қамту керек

– Қазіргі таңда «Алматы жастары» деген бағдарлама бар. Оған 11 мыңнан астам адам өтініш берген. Ал берілетін үй саны 1 мың ғана. Қаладағы тұрғын үй мәселесін қалай шешеміз?

– Бұл өте өзекті мәселе. Мұны кезек күттірмей шешуіміз қажет. Себебі, сұраныс жыл сайын артып барады. Мұндай қарқынмен ешкімді үймен қамтып жарыта қоймаймыз. Бұрынғыдай тегін үй беру де келмесе кетті. Енді ешкім тегіннен-тегін баспана иелене алмайды. Менің пайымдауымша, «Отбасы банк» нәтижеге жұмыс істеуде. Олар 7%-ға дейінгі несиені үй береді. Әрине, оның да өзіндік алғышарттары бар. Бірнәрсені түсінген абзал. Алматы – алып шаһар. Мегаполис шексіз өсе алмайды. Десек те, жанадан пәтерлер салынып жатыр. Әсем тұрғын үйлер пайда болуда. Біздіңше, Қонаев қаласына шығатын жаққа қарай үй тұрғызуға болады. Сол жерлерде жас отбасыларға қоныс берілгені дұрыс. Қалаға жақын, жері кең. Ешқандай қолайсыздық бола қоймас. Нақ сонда үйлер арзан болуы керек. Шаһардың Абай даңғылынан жоғары жақтарына баттастырып сала бергеннен гөрі, сол жаққа ыңғайлы әрі жастарға қолжетімді етіп істесе бәріне де жақсы болар еді.

ПІКІР

Тұрсынбай ДӘУІТҰЛЫ,
«Таңжарық зерттеу» қоғамдық
қорының атқарушы директоры:

ЕЛДІК МҮДДЕ БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ



– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Жаңа Қазақстанды» құру үшін әділ әрі түсінікті мемлекеттік саясат жүргізілуі керек» деген болатын. Біздің мемлекетіміз Ұлы Ғұн, Сақ, Түркі, Шыңғысхан мен Әмір Темірдің, Батыс Еуропа мен Азияның бір бөлігін 300 жыл билеген Алтын Орда және берісі Қазақ хандығының заңды мұрагері. Ақын Қадыр Мырза-Әлі айтқандай, «біз – тарихы қалың елміз». Шын мәнінде, осыншама шежіреге куә қасиетті қазақ топтары талай тарихты өзіне бүгіп жатыр. Қаншама кескілескен ұрыстар мен қиянқескі соғыстар ел болу үшін, мына байтақ әлемде жеке-дара мемлекет болып ұйысып, бірлікте ғұмыр кешу үшін жүргізілген болатын. Байқап зер салар болсаңыз, әлемдегі айтулы оқиғалардың көпшілігі біздің Ұлы далада іске асқан.

Қазақ айтады, «Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» деп, сол сияқты тәуелсіздіктің отыз жылдығы қарсаңында үлкен-үлкен өзгерістерге куә болдық, «Жаңа Қазақстан» деген термин өмірге келді. Енді біз осы ұғымды жандандыру үшін жастарға тура бағыт-бағдар нұсқауымыз керек. Қазақ деген қандай халық, тарихын, салт-дәстүрін, тілін, наным-сенімін, ұстанған дінін, территория тұтастығын, тәуелсіздік деген не, қанша ғасыр кімге бодан болдық, нені жоғалттық, неден ұтылдық, нені сақтап қала алдық. Бұл тәрбиені отбасынан, балабақшадан, мектептен, қоғамнан талап етуіміз керек. Мектепте «мен әкім болсам» деген тақырыпта әссе жаздырмай, баланы ұлттық құндылықты тануға, құрметтеуге қарай бағыттау керек. Сонымен бірге, қазіргі жастардың әскерге барудан жалтару, қашу сияқты ер-азаматтарға жат, ездик пиғылын өзгертуге баса назар аудару керек. Білімді, дарынды жастардың жаппай жұмыссыздығын барынша тежеп, шетелге ағылмаудың амалын тауып, алдын алу керек. Ел еңсесін көтеріп, көсегесін көгертетін – білім мен ғылым. Білімді, парасатты ұлт жастарының талантын танып, тауын асқақтатып, ел ертеңі үшін қызмет етуге жұмылдыра білу қажет.

Қазақ мемлекетінің күре тамыры мықты. Неге олай екендігін жоғарыда біршама ойлар арқылы айттық. Ендігі басты мақсат – тәуелсіздікті сақтау. Егемендікті көздің қарашығындай қадірлеп, болашақ ұрпаққа аман-есен, шашпай-төкпей өткізу абыройлы аманат болмақ. Бұл үшін бәріміз жұмыла жұмыс істеуіміз керек. Халықтың әл-ауқатын түзеп, жұрттың табысын һәм рухын көтеру керек. Сонда ғана іс өнеді.

Еліміздің ертеңі жарық болсын, алар асуы әрдайым алда болғай!

Бетті дайындаған Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ТҰЛҒАТАНУ



еркелете отырып, өз жүрегінің қалауын білдірген сәттерін байкатады. Өлең естіген құлаққа жеңіл, романтизмге толы, әсіресе, ырғағымен шоқақтайтын вальске сайма-сай. Қайырмасында келтірілетін «Жаксылықтың жоқ сәулем, ерте-кеші, Жадырашы, назданшы, еркелеші» деген тұстары ұяң қазақ қыздарына қылықтарыңды көрсетші дегендей. Осындайда «Қыз қылығымен көрікті» деген сөздер ойға оралады. Қазіргі уақытта бұл сөздерді қарапайым әңгімеде де көрнекілік

біріне айта алмаған, іштей лаулаған ғашықтық сөздері дермісіз. Мәселен, «Ақмаңдайлымда» айтылатын мына бір шумақтарға тоқтала кетсек.

«Сен» деген ыстық сөзің артық еді,

Өзіңе іштей мені тартып еді.

«Сіз» деген салқын сөзден қорқамын ғой,

«Сен» десең көңіл қайта шалқыр еді», –

деген ер-жігіттің сөздеріне «Ақсұңқарымда» жақсы жауап қайтарылады.

«Сіз» деген әзіл сөзден шошып қалсаң,

АЛАШТЫҢ АҚМАҢДАЙЫ

Биыл күміс көмей әншіміз
Роза Бағланованың
туғанына – 100 жыл!



Әлеуметтік желілерде Роза апамыздың өнерін дәріптеу мақсатында түрлі хэштегтер пайда бола бастады. Қала берді, жастардың арасында танымалдыққа ие Тик-ток әлеуметтік желісінде ескі әндер жаңа музыкаға нақышталып айтылып жүр. Бұл – қуантарлық жаңалық. Себебі, әуендерді алыс-жақын шетелдің азаматтары да ұйып тыңдап, өз сезімдерімен бөлісуді ұмытпайды. Сондай-ақ, танымал тұлғалар әнмен үндесетін бейнероликтерін жүктеуде. Осы ретте Роза Бағланованың шырқаған әуендерінің тарихына шолу жасаған едік.

«ӨЗІМДІ ХОР ҚЫЗЫНДАЙ СЕЗІНЕТІНМІН»

Қазіргі уақытта жаңаша леппен айтылып жүрген «Бәрінен де сен сұлу», «Сәулем-ай», «Іңкәрім-ай», «Ақтамақ», «Сыр гүлі» туындыларын әу баста Роза Бағланова орындағандықтан, әуені мәңгі есімізде сақталды. Кейінгі жылдары орта буын, жас толқын өз нақыштарына келтіріп орындап жүргені көңіл қуантады. Бұл дегеніміз есті, мәнді өлеңдердің өшіп қалмай, ұрпақтар арасында өз жалғасын тауып жатқандығын көрсетеді.

Маған Роза Бағланованың орындауындағы «Айналайын» әні ерекше қатты ұнайды. Ең алғаш тілім шыға бастағанда «Айналайынды» айта бастаған екенмін.

«Жарқын құшақ жайған айым,

Ниегіңе сай болайын.

Мені сүйген жүрегіңнің

Лүпілінен айналайын», – деп, 4-5 жасымда әннің осы бір шумақтарын тебіреніп айта-тын едім деп ата-анам күле еске алады. Расымен-ақ, қазіргі уақытта бірінші есіме осы әуен оралады. Әннің сөздеріне көз жүгіртсем, ғашық жанның жан тебіренер сөздері шебер айтылады. Осындайда ән арқылы махаббаттың ұшқынын нәзік, таза күйде жеткізсеңіз, қай заманда болмасын, ол ешқашан өшпейтіндігіне көзіміз жетеді. Тек лаулап, жанданып, жанара береді. Өнер құдіреті деген, міне, осы болар! Совет одағы кезінде қазақ қыздарының жарқын бейнесін қалыптастырған Роза Бағланова өнер жолында ұлттық киімдерімізді де әспеттеп жүрді. Әнші Будапештке барғанда, үлбіреген дүрия жібектен тігілген көйлек киіп, әннің әуенімен қозғалған сайын, көйлек майда самал соққандай тербелгені айтылып жатады. Осы бір сапарда қалай киінгендігі жайлы әнші өз сұхбатында былай деп айтқан екен: «Белдің қыналып келген тұсына кемер белдік тақтым. Белдік таза күмістен жасалып, алтынмен апталған. Сол біркіер көйлекті кигенде, қуыршақтай болып жайнап шыға келетінмін. Басында үкіленген барқыттан тіккен тақия. Тақия небір асыл тас, алуан маржанмен көмкерілген. Шағын қызыл пүліштен тігілген қамзол. Көйлек ашық сарғыш, қызыл қамзол. Қамзолдың екі өңірін жиектей жүргізілген әшекей қымбат тастармен оюланып, жібек кестемен айшықталған. Осы киімде өзімді хор қызындай сезінетінмін. Бір мақтаншы сезімі менің көңілімді шарықтата жөнелтетін», – депті. Құлағымызда әсем даусы, көзімізде үлбіреген ержүрек бейнесі қалыптасқан апамыз біздің жадымызда мәңгі сақталады. Алаштың ақмаңдайлы аруы атанған Роза Бағланова өнер майданында өшпес із қалдырды.



АҚТОЛҚЫН ТҰРЛЫҒАЗЫ

«ЖАДЫРАШЫ, НАЗДАНШЫ, ЕРКЕЛЕШІ»...

Қайталанбас әнші ғұмырнамасында өзіне арнап жазылған әндер туралы: «Елу жылдан аса уақыт бойы сахна төрінде талай әндердің тұсауын кестім: «Ақкөгершін», «Менің Қазақстаным», «Бейбітшілік туы берік қолда», «Жасасын, совет халқы!», «Ақмаңдайлым», «Жан құштарым», «Туған айдай», «Қайықта», «Маржан қыз», «Жайлау әні», «Махаббат вальсі», «Айналайын», «Асыл арман», «Аяулым, арманымдай асылым ең», т.б. әндерді тыңдаушы халық алғаш рет менің орындауымда тыңдады», – деген екен. Расымен-ақ, Совет заманында қазақ әйелдерінің арасында ержүректілігі мен әншілігін қатар алып, соғыс кезінде де шырқата ән салған Роза апамыздың өнегелі өмір жолы бәрімізге аян. Шәмші ағамыздың «Ақмаңдайлым», «Ақсұңқарым» әндері біздің құлағымызда Роза апайдың орындауында мәңгі сақталады. Ендігі кезекте сол әннің тарихына тоқтала кетсек. «Көк майса Алатаудың бөктерінде, Гүл тердік жастық шақтың көктемінде» деп басталатын өлең жолдарын көрнекті ақын Мұзафар Әлімбаев жазған. Әннің мәтініне көз салсаңыз, сол кездердегі ер-жігіттің мінезділігін, сұлу қызды «Балтаңдайлым» деп

ретінде пайдалануда десек, артық айтпағанымыз болар. «Айналдым, ақмаңдайлым» деп танылған әнді орындау туралы ұсыныс қалай түскені жайлы апайдың өз айтқандарын тауып алған едік. «Мен Шәмшінің жазған әндерін сүйіп айтамын. Енді «Ақмаңдайлымның» оқиғасын айтайын. Бір күні Шәмші ініміз Мұзафар Әлімбаевпен «Ақмаңдайлымды» алып келіпті. Келгеннен кейін күйсандықта ойнай бастады. Тыңдадым. Тыңдап едім, маған өте қатты ұнады. Сөйтіп 1-2 күннің ішінде радиоға жаздырдық. «Ақмаңдайлым» халықтың сүйіп айтатын әні деп айтсам, жаңылғаным болмас. Қазақ тілін біле бермейтін елдерде осы әніміз кеңінен танымал бола бастады. Енді қазір Қалдаяқовтай композиторлар – халықтың жанын табатын, жазған әуені өте әсерлі болатын жандар аз ғой. Мұзафар екеуінің бұл туындысы мәңгілік ел жадында сақталады деген ойдамын», – деген екен Роза апайымыз бір сұхбаттарында.

«ДҮНИЕДЕ САҒАН АРУ ТЕҢ КЕЛГЕН БЕ?»

Осы «Ақмаңдайлымның» ізінен іле-шала композитордың «Ақсұңқарым» деген әні жарқ ете қалды. Мұнда ол қазақ қызының өзі ұнатқан жігітіне деген ыстық ықыласын, сүйіспеншілігін, өзінің ер-жігітке қоятын талап-тілегін, қиялындағы шарттарын, мақсат-мұратын музыка тілімен жеткізуге, білдіруге ұмтылады. Екі өлеңде де сезімнің нәзік тұстары бейнеленеді. Қыз бен жігіттің бір-

Сен дейін баяғыдай, ақсұңқарым!», – деп, жігіттің мерейін асыра сөйлейді. Әрине, бұл жәй ғана сәйкестік болар. Себебі, екі әннің авторы екі түрлі адам. Бірі Мұзафар ағамыз болса, ендігісі Төлеген Айбергеновтікі болатын. Бұдан бөлек, Роза Бағланованың орындауында аса танымалдылыққа ие болған әндер де жетерлік. Солардың бірі де бірегейі, ақын Бәкір Тәжібаевтың сөзіне жазылған, композитор Ескендір Хасанғалиевтің «Әдемі-ау» әні. Бұл шығарма әдеміліктің сиқырымен үндескен. Ескендір ағамыздың жан-жарына арналған әсем әуендерінің бірі еді. Роза апамыздың ерекше ырғағымен басталған ән жүректі елжіретіп, махаббаттың сазды балына тербейді. Әнді тыңдай отырып, сол кездердегі шыт көйлегінің етегі желбіреген ақсары, қараторы, бидайөңді, көрікті қазақ қыздары еске оралады. Сол қыздарымыздың еркелігін, назын әсем жеткізе білген жігіттерді айтсаңызшы. Оны әннің мына бір шумақтарынан байқауға болады.

«Өзің ғой өміріме сән берген де,

Дүниеде саған ару тең келген бе?

Сәулем-ау, сен келесің, көз алдыма,

Ақ қайың самал желмен тербелгенде», – деген өлең жолдары қыз баласы өмірінің бір бөлшегіне айналғанын, ол аруды шын жүрегімен сүйгендігін жеткізіп тұр. Қазір қарап отырсаңыз, әндердің біразы мағынасыз, мәнсіз жазыла бастаған. Ер-жігіттің қыз баласына сезімін білдіруі, еркелетуі ерсі сөздермен беріле береді. Тіпті, «сүйгенім соншалықты, өзіме қол жұмсауға дайынмын» дегендей, ессіз әңгімелер де арасында өріп жүреді. Соны жазған жас ақын-жазушылары-

ТҰЛҒАТАНУ

ЕСІМІ МӘҢГІ ЕСТЕ

Алматы қаласында Дінмұхамед Қонаевты еске алу күні аталып өтті



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Шараға Д.Қонаевтың туыстары мен жақындары, Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.Қырықбаев, қоғам өкілдері, қала тұрғындары қатысты.

Есімі мәңгі өшпейтін қазақтың біртуар азаматы Дінмұхамед Ахметұлының бейнесі ел жадында мәңгі сақталатыны ақиқат.

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясы курсанттарының қатысуымен өткен «Өткенге құрмет» акциясында гүл шоқтарын қою рәсіміне Алматы қаласы әкімдігі, қалалық Мәдениет басқармасы, Медеу аудандық әкімдігі, Алматы қаласы Ардагерлер кеңесі, қоғам белсенділер, Д.А.Қонаев халықаралық қоры, Д.Қонаевтың туған-туыстары мен қызметтестері, Д.Қонаев атындағы тау-кен институты, Еуразия академиясының өкілдері және қала тұрғындары қатысты.

«Осыдан 29 жыл бұрын қазақ халқы Алаштың ұлы Димашын соңғы сапарға шығарып салды. Алматы ғана емес, Алаш жұрты кімді ақтық сапарға шығарып тұрғанын жүрегімен сезінген еді. Ол кісінің өмірі бір жылмен емес, мыңдаған жылмен өлшенеді. 40 жылға тарта қайыспай жүріп, қазаққа адал қызмет етті. Бәріміздің көкейімізде ақиқаттың бар екенін дәлелдеді», – деді ақын, жазушы-драматург, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Нұрлан Оразалин.

Ақан БИЖАНОВ,

Алматы қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы:

– Белгілі мемлекет қайраткері өзінің адамилық қасиетімен ерекше тұлға болып тарихта қалды. Дінмұхамед Ахметұлы 90-жылдары қайтыс болған кезде Опера театрынан сүйегін шығарып, Кеңсай зиратына дейін қала жұртышылығы тік тұрып, қазақтың Димашын қимай шығарып салғаны әлі көз алдымызда.

Жиын барысында сондай-ақ, Д.А.Қонаев музейіндегі жаңартылған экспозиция бойынша және мемориалды пәтер-музейінде экскурсия өтті.

Елена ИВАНҚЫЗЫ, Д.А.Қонаев музейінің жетекшісі:

– Музей Димаш атамның 90 жылдығына орай 2002 жылы ашылды. Экспозиция соңғы рет 2007 жылы өткізілді, 15 жылдай мүлдем экспозиция болмаған. Музейдегі экспозиция ұлы тұлғаның «Ақиқаттан аттауға болмайды» кітабының негізінде жасалған. Қызметкерлер 3 тілде, қазақша, орысша, ағылшынша ақпарат береді. Бүгінгі күні Д.А.Қонаев туралы ақпарат толығымен сақталған.

Ал пәтер-музейі 100 жылдығына орай 2012 жылы ашылды. Бұл пәтерде Д.А.Қонаев 1993 жылға дейін тұрған. Пайдаланылған заттары толыққанды сақталған. Музей қорында 8 мыңнан астам экспонаттар сақтаулы. Оның ішінде, фото-суреттер, бұйымдар бар. Жыл сайын еліміздің түрлі қалаларында көрме ұйымдастырамыз. Биыл Риддер, Өскемен, Тараз қалаларына барып көрме өткіздік. Пәтер-музейдің ашылғанына 10 жыл, музейге 20 жыл толып отыр.

Халықтың ұлы перзентін еске алуға арналған шара барысында Д.А.Қонаев халықаралық қорының ұйымдастыруымен ас берілді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

СЕРИАЛ

«ОЯН, ҚАЗАҚ!»

Алаш арысы Міржақып Дулатұлы жайлы сериал түсірілуде



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Тарихи тұлғаның өмір жолындағы айтулы оқиғаларға негізделген «Міржақып. Оян қазақ!» атты сериал Алаш қайраткерінің өмірі, шығармашылығы және саяси күресі жайында сыр шертеді.

Негізгі түсірілім Алматы қаласы, Алматы мен Қостанай облыстарында жүргізіледі. Міржақыптың рөлін актер Бақыт Қажыбаев сомдайды, ал жары Гайникамал рөлінде – актриса Зарина Кармен.

Телехикаяның сценарийін Мұрат Есжан, Ұларбек Нұрғалым және Ұшқын Сәйдірахман жазған. Режиссері – Мұрат Есжан, продюсері – Айсауле Әбілдаева. Сериалда Әлихан Бөкейханов рөлін Бауыржан Қаптағай, Ахмет Байтұрсынұлы Байғали Есенәлиев сомдайды.

Айта кетсек, биыл Қазақстан ұлттық телеарнасы 5 тарихи сериал түсіреді. Олар – Мағжан Жұмабаев, Әлкей Марғұлан, Дина Нұрпейісова, Қорқыт тұлғасына арналған туындылар. Ең ауқымдысы – алты бөлімнен тұратын «Міржақып. Оян қазақ!» сериалы.

Міржақып Дулатұлы туралы алты бөлімнен тұратын тарихи телехикаясының түсірілімі басталды.

КИНОКЕҢІСТІК

«ДОС-МУҚАСАНДЫ» КӨРЕМІЗ

Әйгілі «Дос-Мұқасан» ансамблі жайлы түсірілген фильм 29 қыркүйектен бастап еліміздің кинотеатрларында көрсетіле бастайды. Бұл туралы ZTV.KZ инстаграм парақшасында жарияланды.

Фильм жарты ғасырға жуық тарихы бар алғашқы ансамбльдің құрылу және қалыптасу кезеңіндегі оқиғаларды баяндайды. Бұл үлкенге де, кішіге де ұнайтын отбасылық картина болады деп отыр мамандар. Фильмге әлбетте музыка, алғашқы махаббат, жастық жалын, достық пен сенім, арман мен мақсат арқау болған. Режиссері – Айдын Сахаман.

Рөлдерде: Мейіргат Амангелдин, Мақсат Сәбитов, Елдос Шайкенов, Саят Мақұлбаев, Айғаным Сағынбаева, Никита Погодаев, Нұрғиса Қуанышбайұлы, Әбілмансұр Серіков, Артур Асқарұлы, Серікбаева Бақытгүл, Шах-Мұрат Ордабаев, Александр Ли және Зухра Сайпи.



Нұр ЖАМАЛ.



ҚОНАЕВ – 110

«МЕН ХАЛҚЫМА СЕНЕМІН,

«Жақсының жақсылығын айт, өркені өссін» демекші, елім деп, ерен еңбек етіп, бар өмірін сарапқа салып, соңғы демі біткенше аянбай адал болған, мәңгі бақи ерекше орын алған тұлғалар, шүкіршілік, еліміздің тарихында баршылық. Сондай ардақты азаматтың бірі, мемлекет және қоғам қайраткері, аяулы азамат, қазақ халқының біртуар ұлы – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев еді...

ӨТКЕН КҮНДЕ БЕЛГІ БАР!

Сонау 1993 жылғы тамыз айында, Жоңғар Алатауының баурайында, Жетісудың жеті інжу маржанының бірі болып саналатын Лепсі өзенінің басында, ақбасты таудың өңін жарып, жартастан құлап, атақты Тынышбай бидің жайлауында, ағайын түгел бас қосып, қазақтың маңдайына біткен бірінші теміржол инженері – Мұхамеджан Тынышбаевтың 115 жылдық мерейтойын өткізуге дайындалып жатты.

Осынау пішіні бұзыла қоймаған таулы өлкенің табиғаты тамаша. Тамыз айының аяғы болса да, көрінісі ғажап. Атақты Швейцарияның табиғатынан кем емес. 2000 метр тау биіктігінде 180 метр тастан құлай ағып жатқан Бұрхан сарқырамасы, әлемдегі атышулы атаулардан кем емес. Көк майса кілемі, алмалы бағы, қарағайлы ормандары көз үйіріп, көңіл сүйсінтеді....

Өрине, осынау қайталанбас тамаша табиғаттың ішінде өскен ағамыздың орны тарихта ерекше болуы, бәлкім, осыдан шығар...

Сарқан ауданының қазіргі Қойлы ауылында атамыздың және ағамыздың әруағы деп жиналған азаматтардың санында есеп жоқ...

Алды сонау Мәскеуден, Ленинградтан, Алматыдан, Семейден, Өскеменнен, еліміздің түкпір-түкпірінен келді десек, артық болмас.

Аты аңызға айналған, атақты Түркістан–Сібір теміржолы, асыл азаматтың ерен еңбегі, елге қалдырған теберігі...

Көппен бірге Димекен ағамыз да осы жиынның ерекше қонағы қатарында болды.

Алматыдан бір күн бұрын бір қауым ел боп шыққан біздер, ат басын ағамыздың ата-бабасының мекені – Баканас ауылына бұрдық.

Көшбасымыз Димекен, біз болсақ әруақытта жадынан табылатын атқосшысымыз – әріптесім, кинооператор-режиссер, осы Талдықорған қаласының тумасы Литвяков Юрий Павлович және мен кинорежиссер Молдағали Омаров.

Қапшағай–Баканас тасжолының бойы толған мал, жайлаудан түсіп келе жатқан малшылар, қора-қора меринос ақ қойлар, бірінің артынан бірі тізіліп, отар-отар болып жайдаққа түсіп келе жатыр. Тізбектері таусылар емес, бас аяғы бірнеше шақырымға созылған, жол жүру мүмкін емес.

Сол бір көрініс әлі есімде, көшімізді жолда тоқтатып, жалғыз өзі биік шоқыға шығып, жан-жағын бағдарлап, біраз тұрды. Өзі ғана. Ешқайсымызға тіс жармады. Кім білсін, не ойлағанын...

Екі ауданның шекарасынан өткеніміз де сол еді, жергілікті басшылар, ағайын-туыстар Димекенді қол жая қарсы алып, сегіз қанатты ақ киіз үйге жайғастырды.

Біраз демін алған соң «Бақбақты» күріш совхозына бас бұрдық. Әйгілі күріш егумен айналысатын шаруашылық. Науқанның енді ғана басталып, егінді орауға кіріскен кез. Әрбір алқап алаңға тізілген әскердей, барлығының пішіні біркелкі. Егін бітік шыққан, көз сүйсінтеді, көңілді толтырады.

Әркім біле бермес, осы сәтті, дәл осы жағдайды айтып кеткеніміз жөн болар.



Баканас өңірінің күрішті алқапқа айналуы тікелей Димекеннің есімімен байланысты. Уақытында бұл дақылды мұнда өсіруге болмайды, ауа райына және табиғатына байланысты сәйкес келмейді деп, ғалымдардың өзі де қарсы болған екен...

Шынын айтсақ, бұл өңір әлемдегі ең солтүстік аудан, ал Баканас күріші бүгінде әлемдегі ең солтүстік алқапта өсетін дәнді-дақыл...

Күріш алқабын аралап, механизатор жігіттермен кездесіп, әдеттегідей қал-жағдайларын сұрастырып, ахуалдарын біліп жатыр, көбісін дерлік өзі де жақсы таниды.

Биыл өнім бітік өскен екен, шығымы да жақсы, бір гектарға айналдырғанда орташа есеппен 45–50 центнерден шығатын сияқты. Бар болғаны жарты сағаттың ішінде бірталай әңгіме айтылып, сырлы сұхбаттар тілге тиек болды.

Алқап аясында бірқора қырғауыл жайылып жүр. Мұны көрген Димекен балаша қуанды. Кешке қарай Іле өзенінің табиғатын тамашалап, қармақ тастап, балық аулады. Ақ балықтар,сазандар... Іленің табиғи әлемі ағаның көңілінен шыққандай...

Ертеңіне ертелетіп, жер жанның – Жетісудың орталығы Талдықорған қаласына да жеттік.

Жылы шыраймен қарсы алып, қошеметтеп жатқан атқамінер жігіттер, бәрі де құрметті қонақты қауыша қарсы алды.

Мұхамеджан ағамыздың туған жерінің атауы да ерекше – Пионер елдімекені.

Лепсі өзенінің маңайды дүбірлетіп, әнге бөлеген сыршыл ағысының дауысы іргедегі ауыл-аймақтың ғана емес, сонау қыр астындағы тұрғындардың да құлағына жетерліктей тым адуынды...

Тау мен тегістіктің арасы бар болғаны ширек шақырым болса да, көтеріліп түссеңіз, өзіңізді трамплиннен секірген шаңғышыдай сезінесіз...

Өңір табиғатының алып күші осындай, ерекше! Өзен жағалап тіршілік еткен ауыл-қоныс жетерлік. Бұл

- Жастық шақ қанаттарын жайып салу үшін емес, ұшу, жұмыс істеу, жұмыс істеу үшін берілген.
- Өмірдің екі тірегі бар: үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау.
- Сыпайылық кішіліктен ғана емес, кісіліктен де туады.
- Жиырмасыншы ғасыр таңғажайып ғасыр, тарих үшін қызықты, ал замандас үшін қасірет ғасыры.
- Адам айнасы – адам.
- Ақиқаттан аттап кету — арға сын.
- Сатыға аяқ салмай жатып, баспалдақтан аттама.
- Қанмен сіңгенді қасиеттемесең, қадірің болмайды.
- Бүгінгі күн – кешегі күннің шәкірті.
- Адамдық қалыпты биік ұстау – кімге де болса үлкен сын.
- Сенім — құдіретті күш: тауды да қозғайды.
- Жалада шындық болмайды.
- Дүние түске дейін киіз, түстен кейін мүйіз болып кетуі әп-сәтте.
- Орынды сын ойлантпай қоймайды.
- Панам да ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың ой-орамдарынан

жерде өзімізден басқа, байырғы, сонау патшалық Ресейдің Воронеж өңірінен келген Столыпиннің станичник-казактары да жетерлік екен.

«ҰЛЫҚ БОЛСАН, КІШІК БОЛ!»

Осы тұста бір ерекше кездесу болды. Аласа бойлы ғана, егде тартқан казак азаматы келіп Димекенге сәлем берді. Тұла бойы, пішіні, киімі сол баяғы казак бабаларына ұқсайды, тіпті фуражкасын айтсаңызшы...


Сәлем беріп, қал-жағдайды сұрастырған соң әлгі азамат өзінің өтінішін айтты.

– Рұқсат болса, аяғыңызды құшақтайын, – деді.
– О-о, не дегеніңіз, олай болмайды, – деді Димекен.
– Жо-жок, сіз менің өтінішімді орындауыңыз керек! Бұл мен үшін үлкен мәртебе, ғанибет, – деді қария.
– Рахмет! Мен Сізге өте ризамын, бірақ олай жасау қажет емес! Димекен қолындағы шетелдік сағатын шешіп, «мынаны алыңыз, менің сізге деген тартуым болсын!» деді де, сағатын қарияның қолына тақты.





ОНЫҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР»



Осы аталған кездейсоқ кездесу кинобейнеге тартылып, тасқа жазылып қалды. «Ұлық болсаң, кішік бол!»...

Жан-жақтан бұл оқиғаның куәсі болып, тарихи көріністі тамашалап тұрған карт кісінің жерлестері, кездесудің осылай аяқталғанына дән риза, өздерінше мээ-мейрам болып, ағамыздың тартуын көріп, көңілдері көтеріліп қалды.

Біреулері қол алысса, біреулері қол шапалақтап, дауыстап, Димекен алғыстарын жаудырып, амандық тілеуде.

Сырт көзге өзінше бір тамаша көрініс!

Өзге жұрт болса да, жүректен шыққан лебізін алғаусыз көрсетіп жатыр. «Сыйға сый, сыраға бал!» деген осы...

Үлкен тойды былай қойғанда, Димекенмен кездесудің өзі, әп-сәтте тойға айналды.

Мұхамеджан ағамыздың кіндігі кесіліп, қаны тамған кіші отаны – Пионер ауылы бүгін ерекше ажарланып кеткен. Тау бөктерінде орналасқан осынау ауылдың табиғаты тамаша. Айнала зәулім теректер мен жеміс ағаштары көз қызықтырады, әсіресе шоқтай шанып тұрған қызыл алма. Жетісу өңіріне танымалы – Антоновка алмасы, уақытында Қойлы ауылы осы атаумен аталған. Сонау XX ғасырдың басында Воронеж казактарының өзімен бірге ала келген теберіктері. Кең байтақ қазақ жеріне терең тамырын жіберіп, әлі де жайқалып тұр. Түрі де, түсі де, дәмі де, сол баяғыдай. Алыптың жұдырығындай, қып-қызыл, алыстан көз тартып, бір тістегенде ауызыңыз шырыңға толады. Әрбір ауланың көркі – осы қызыл алма дерліктей, күзге қарай әр аула, әр көше алмалы баққа айналады, мол өнім төгіліп тұрады.

Жоңғар Алатауының бір тармағы – Лепсі тауы. Тарам тарам тау жоталары, осы жерге келгенде, өзінше бір жайдақтанып кетеді. Жасаған Ием, өзі бір түзулеп, жан-жағын тегістеп, сондай бір жайлы етіп жасап қойғандай. Жан-жағы күзқұлама жоталар, төмен жақ ылди құламалар...

Ардақты ағаның әруағын еселеп, қола мүсінінің алқызыл лентасын өз қолымен қиған Димекен үлкен тойды өзі ашты. Ауыл мектебіне, жаңа көшеге есімі берілді. Осылайша дүбірлі той басталды... Атадан қалған салт-дәстүрдің ережесі де бірыңғай. Тай, құнан, дөнен, жорға, аламан бөйгелер, қыз қуу, аударыспақ, теңге ілу, қазақша күрес.

Намысқа тырысқан жігіттер оңайлықпен бір-біріне берісер емес, айланып асырған ғана жеңіске жетіп жатыр. Мээ-мейрам болған үлкен-кіші тақым қысып, өздері бәсекеге түскендей. Домбыраның құлағында ойнап, ән мен жырдың, күмбірлеген күйдің майын тамызған көркемөнерпаздарға деген жұрттың ынта-ықыласы да тым ерекше болды...

Осы ретте асыл сөздің шебері Абай ағамыздың «өлмейтұғын артында сөз қалдырған!» деген тұжырымы ойға оралады. Тағдырдың дара жолында, жарық жұлдыздай жарқырап, кеудесіне ылғи алтын таққан, сонау XX ғасырдың басында Ресейдің Санкт-Петербург теміржол институтын үздік бітірген асыл ағамыздың бейнесі сол оқу орнының мұражайында мәңгілік сақтаулы тұр... Тағдырды өзіне бағындыра алмаса да, тарихты мойындатқан осынау қазақ баласының бұл жетістігі халқымыз үшін үлкен мәртебе. Міне, тектіліктің түбі қайда жатыр, ағайын!

Сол XX ғасырдың басында Жаратқан Иеміз қазақ даласына дарынды тұлғаларды үйіп-тегіп бергеніне танқаласыз. Өкінішке орай, олардың үмітке толы алмастай жарқыраған өмірлерін қызыл өкімет қиды. Опасыз биліктің зардабы мен зұлымдығын ешқашан ұмытуға болмайды.

Димекен сол тойда мінберде қозғалмай төрт сағат отырды. Өрине, осыншама уақыт 33 градус аптап ыстықта отыру жасы келген адамға оңай болмайтыны айтпаса да белгілі. Алдымызда әлі талай кездесу тұр. Ұшарал ауылының тұрғындары да Димекенмен кездесуге дайын отыр. Уақыт зымырап

өтіп барады, сағат төрттен асты, ал жергілікті халықтың Димекенді жіберетін ойы жоқ. Қараша жұрт ағаны тағы да жарты сағат ұстады, әрқайсысы амандық, денсаулық және ұзақ ғұмыр тілеп, ақындар өлең арнап жатыр. Шіркін, жомарт жүректі халқымыздың кең пейілі-ай десеңізші...

АСЫЛ АҒАНЫҢ АҚТЫҚ САПАРЫ...

Ақырында дүйім халқынынан рұқсат сұраған Димекен тілегін айтып, ақ батасын беріп, жолға шықты. Кештетіп Ұшаралға да жеттік. Кешкі мерзімге қарамастан, орталық алаңда толған адамдар. Димекеннің де көліктен түскені сол еді, жиылған жұрттың бір адамдай: «Жасасын Димаш аға!» деп шыққан даусы бүкіл алаңды дүрілдетті. Аспанға көгершіндер де ұшырылды. Халық шын ниетпен қуанып жатыр. Адамға осыдан артық қандай құрмет керек! Шындықтың көзі – халықта!

Ағаға деген ілтипат, бізге де әсер еткендей, күні бойы ыстық күннің астында жүріп шаршағанымыз лезде ұмытылғандай. Алаңдағы халықтың көзі Димекенде.

Өрине, айтпаса да түсінікті, мінберге көтерілуі сол еді, бүкіл алаң бір мезгілде тынышталды. Димекен кешіккені үшін халықтан кешірім сұрап, баршаға амандық, денсаулық және береке тіледі. Ақтық сөзін бітірмей-ақ, алаңда тұрған халық ду қол шапалақтап, ілтипатын білдірді. «Димекен жасасын, ағамыз аман болсын!» деген тілектер естіліп жатыр.

Шіркін дүние, кім ойлаған ертеңіне ағамыздың фәни дүниесімен қоштасып, келместің кемесіне мінітетінін...

Алакөл... Шығыс Қазақстанның інжу маржаны. Өзінің шипалы қасиетімен аты шыққан әйгілі көл, жағажайы қара тасқа боялған графитке ұқсайтын тау жынысы – шунгиттен тұрады. Бұл әлемдегі осы тұрпаттағы жалғыз-ақ көл. Құрамында отыздан астам химиялық элементі бар. Шунгит дегеніміз, осыдан бір миллион жыл бұрын қатып қалған тас көмір қалдығы. Осы кең далада бұдан 3000 жыл бұрын жартақа салынған суреттер сақталған және ежелгі сактардың көсемдері жерленген – Патшалар жазығы да осында. Көл суының шипалық қасиеті, о бастан-ақ белгілі болған. Уақытында Шыңғысханның жараланған сарбаздарын осы көлдің суымен емдеген.

Шүкіршілік, осынау өлке жылдан-жылға қанатын жайып, үлкен демалыс және туристік аймаққа айналуға. Жыл сайын сырқаттарының кілтпанын Алакөлдің суының шипасымен емдеген адамдар саны артып келеді. Бұл өлкеге ағамыздың ақ тілегі мен батасы дарыған сияқты...

Димекенмен жүздесуге жиналған халық көпке дейін алаңнан тарамды.

Ертеңіне қадірменді мейман аудандағы жаңалықтармен танысып, жаңадан іске қосылған мекемелерді аралады. Іскер жігіттермен кездесіп, әңгімесін тыңдап, өзінің кеңестерін берді. Түс ауа Алакөл көлінің айдынына шығып, қатермен саяхат жасап, балық сорпасын ішіп, жақсы демалды. Кеш түсе жағадағы ағамыз бұрыннан өзі жиі келетін қонақүйге жайғасты. Сол бір отырыстың күллі қазақ елін қамықтырып, қабырғасын қайыстырып, талай жүректерге жара салар кешке айналдырып, кім білген...

Әдеттегідей, көңіл күйіміз көтеріңкі, Димекен арнайы жайылған ақ дастарханға жиналғанымызға көп бола қойған жоқ еді, төрде отырған ағамыздың хал-жағдайы күрт нашарлап кетті. Мұны бірден сезген өзінің дәрігері жылдам қасына жетті. Бәріміз состиып, бірден орнымыздан өре түргелдік. Жасыратыны жоқ, ойымызда ешқандай күдік жоқ. Жылдам диванға жатқыздық. Дәрігері ем-шарасын қолданып жатыр,

ЗАМАНСӨЗ

«ҚАЗАҚТЫҢ РУХЫН, НАМЫСЫН САҚТАУЫМЫЗ КЕРЕК»

Орысты ренжітсең Мәскеуге шабады, қазақты ренжітсең қайда шабады? Өзіңнің алдыңа айналып келеді, Асанбай. Орыстың артында тұрған Мәскеуі бар. Қазақтың артында Мәскеуі жоқ, қазақтың Мәскеуі – біздерміз Асанбай, қолыңнан келгенше қазақты жылатпауға тырыс, қорлыққа берме. Қорлыққа көнген халық зорлыққа да көнетін иісалмас, ынжық болып кетеді. Ұлт өзінің мүддесін өзі қорғай алатын дәрежеге жетуі керек. Кезінде қазақтың жанын сақтап қалсақ екен дедік қой..., біз ол дәуірден өттік. Енді қазақтың рухын, намысын сақтауымыз керек.

(Д.А.Қонаевтың Асанбай Асқаровқа айтқан сөзінен).

мен болсам аяқ жағында тұрып, балтырын уқалап жатырмын. Денесі жылы, қан тамыры соғып тұр. Басын құбылаға бұра берді. Алланың үкіміне амал бар ма, асыл ағамыздың жүрегі тоқтап қалды. Сол күйі басын көтермеді, сөзге де келместен, көзін де ашпастан, бақилық сапарына жүріп кетті.

Осылайша сонау қиын-қыстау заманда, 30-жылдары Мәскеуде оқып жүргенінде, өзінің көзі көріп, өсиетін тыңдаған, бір үзім нанның құны алтыннан да қымбат болғанда қолынан дәм тартып, әкедей қамқор болған Мұхамеджан ағасының елінде, 115 жылдық тойын өткізіп, өзі де мәңгілік сапарға аттанды.

Міне, сол кезден бері 30 жылдың зымырап өтіп кеткенін байқамай да қалыппыз. Өткен ғасырдың 69-жылынан бастап ақтық демі біткенше, ұлы тұлғаның жанында қызмет етуді тағдырдың өзіме берген сыйы деп есептеймін. Таңқаламын, толғанамын, ойланамын, осы уақыттың ішінде аузынан бір қатты сөз естімеппін. Шіркін, қандай шыдамдылық пен байсалдылық, не деген парасаттылық, нағыз адамгершілік қасиет пен мәдениеттілік! Осының барлығы бір Димекеннің бойындағы мен көрген қасиет.

Кешегі біздер, бозбалалар, міне, 70-тен астық... Димекеннен маған қалған рухани байлық, бірге жүргенде түсірілген, өлшеммен айтқанда, 30 шақырымдай болатын бейнетаспа. Ол кісінің арқасында бармаған тауымыз, баспаған жеріміз қалған жоқ. Өлі күнге дейін еліміздің әрбір бұрышын, әр түкпірін көзімді жұмып барып, ісінен білемін. Асыл ағаның жүрген жері байлық, отырған орны береке, әрбір сөзі нақыл, шежірешіл, ал күлкі-қалжыңы – өзінше бір тарих еді.

ӨЗ ТАРИХЫН БІЛМЕУ – МӘҢҮРТТІК

«Ұлық болсаң, кішік бол!» деген осы. Осынау ғаламат тұлғаға қарап біз өстік, бізге берген тәлім-тәрбиесі бір бөлек еді. Өмірлік мәселелерді өнегелі сөзімен және ізгілікті естірімен қабыстырып, ақиқат пен адалдықтың, шындықтың пен әділдіктің, қарапайымдылықтың үлгісін салып кетті. Мұны жалаң айтып, сырғыта жазып жеткізу мүмкін емес. Әруағын сыйламаған халықтың болашағы жоқ, ал өз тарихын білмеу – мәңгүрттік.

Әсіресе, бүгінгі заманда өсіп келе жатқан жастарға, ауыр болса да адал шындықты айтуға адал сөз керек. «Қайран халқым – қазағым!» деген фактистық сөздің мағынасын бағамдаған, мән-маңызын түсінген халықпыз.

Димекеннің өмір жолы – еліміздің, мемлекетіміздің тарихы, халқымыздың тағдыры. Халықтан шыққан ұл, халқының қамын ойлаған перзент халықтың есінде мәңгі қалды. Ешқандай дүниені өзімен бірге алып кеткен жоқ, тіпті оны жинаған да емес, тек еңбегі, аты ғана қалды.

Осыған да шүкіршілік.

Ақтық сапарында алған соңғы сұхбатында айтқан сөзі, ғаламат болашақты болжаған ұлы тұлғаның көргендігіндей еді: «Мен өз халқыма сенемін, оның болашағы зор!» деді...

Халқына деген осыдан артық сүйіспеншілік бар ма?!

Ендеше, уақыт келді, Димекеннің халыққа деген өсиетін теберік етіп қайтару – әрбір азаматтың борышы.

Екі ғасырдың куәгері болған асыл ағамыздың өмір жолы өнегеге толы. Өзінің аузынан жазылып алынған таспалар – болашақ кинофильмнің негізін құрауы сөзсіз. Туындының көркем жетекшісі және сценарийін жазған белгілі акын ағамыз Олжас Сүлейменов. Қолда бар таспадан 30 сағаттық фильм шығаруға болады, бірақ әңгіме көлемде емес, сапасы мен мәнінде, соның өзі 10 сағаттық серияға жетіп тұр. Аталған еңбекті Қазақстан Киноматографистер одағының Батыс бөлімшесі атқаруда. «Жомарттың қолын жоқтық байлайды» демекші, қолға алар жұмысты қаражат мәселесі тежеп тұр.

«Көп түкірсе – көл» дейді халық даналығы, бұл мәселеге бей-жай қарай алмайтын ел азаматтарының көмегімен асыл ағаның өмір жолы, тұлғалық бейнесі жайлы кинотаспаның өмірге жолдама алатынына кәміл сенгіміз келеді.

Молдағали ОМАРОВ,
кинорежиссер, продюсер.



МЕРЕКЕЛІК ТУРНИР

АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ ШАРШЫ АЛАҢ БІРІКТІРДІ

Алматыда Спорт күніне орай шағын футболдан «Динамо» Кубогы» аталған турнир өтті.

Жыл сайын тамыз айының үшінші жексенбісінде Қазақстанда Спорт күні атап өтіледі. Аталмыш мерекеде кәсіби және әуесқой спортшыларды құттықтап қана қоймай, адамдарды салауатты өмір салтын ұстануға, өз денсаулықтарына мұқият қарауға және әрдайым спортпен шұғылдануға шақыруға бағытталған.

Бұл күні республика көлемінде ірі спорттық іс-шаралар өтеді. Оңтүстік астанымызда Спорт күніне орай «Динамо» Кубогы» атты турнир өтті. Айтылған жарысқа Алматы қаласының Полиция департаменті мен «Динамо» ДШСҚ ардагерлерінің командасы және БАҚ өкілдерінің екі командасы қатысты. Іс-шараның ашылу салтанатына Қазақстан футболының аты аңызға айналған ардагерлері де қатысты.

Іріктеу нәтижесі бойынша алғашқы ойында Алматы қаласының Полиция департаментінің командасы мен «Қазақстан» телеарнасының ойыншылары кездесті. Ойын 4:1 есебімен құқық қорғау органдарының пайдасына шешілді. Екінші ойында БАҚ өкілдерінің құрама командасы мен «Динамо» ардагерлері бақ сынады. Кездесу нәтижесінде төртінші билік өкілдері финалға шықты. 3-орын үшін ойында «Динамо» ардагерлері «Қазақстан» телеарнасының командасы 5:0 есебімен жеңді. Ал финалда жауапсыз 4 гол соққан Полиция департаментінің командасы жарыс жеңімпазы атанды.



Айта кеткен жөн, бүгінгі таңда «Динамо» спортшылары әртүрлі спорт түрлеріндегі ұлттық командалар құрамының 80 пайыздан астамын құрайды. «Динамо» денешынықтыру-спорт қоғамы 445 денешынықтыру ұжымында (ҚБҚ), 15 аумақтық филиалда біріктірілген 90 мыңнан астам әскери қызметші мен құқық қорғау органдарының, Күштік және басқа да арнайы құрылымдардың қызметкерлерін денешынықтыру мен арнайы даярлықтарына жәрдемдеседі. ҚР ІІМ және «Динамо» ДШСҚ жыл сайын ҚР ІІМ спартакиадасы және «Динамо» қоғамының ведомствоаралық спартакиадасы аясында жеті қызметтік-қолданбалы спорт түрлері: самбо күресі, қазақ күресі, қоян-қолтық ұрыс, президенттік көпсайыс, жауынгерлік қарудан ату, волейбол және футбол бойынша 15 мыңнан астам адамды қамтитын спорттық жарыстар өткізеді.

МЕРЕКЕЛІК МАРАПАТ



ЕҢБЕК ЕСКЕРІЛДІ

Кәсіби спорт мерекесі қарсаңында Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев спорт саласы қызметкерлерін марапаттап, олардың салауатты өмір салтын дамытуға және насихаттауға қосқан зор үлесін атап өтті.

«Біздің елімізде спорт әртүрлі жастағы, ұлт пен кәсіптегі көптеген адамдардың басын біріктіреді. Спортта әлеуметтік мәртебеге немесе географияға

ешқандай шектеулер жоқ. Шынына келгенде, спорт маңызды адами құндылықтарға ие және жалпы ұлттың физикалық денсаулығын нығайтуға ықпал етеді. Жылдан-жылға спорт қауымдастықтары мен секцияларының саны артып, спортпен үнемі айналысатын азаматтардың саны артып келеді. Әрине, бұл жерде жаттықтырушылардың, төрешілердің және спорт менеджерлерінің еңбегі зор. Мұның бәрі олардың таңдаған мамандығына деген ынтыасы мен адалдығына тікелей байланысты», – деді Дәурен Абаев.

Салтанатты іс-шара олимпиада резервінің облыстық және республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерінің жұмысы мәселелері жөніндегі кеңес шеңберінде өтті.

«Қазір мектеп-интернат-колледждерде таяу жылдары өтетін ірі жарыстарда ел намысын қорғайтындар оқып жүр. Бір сөзбен айтқанда, сіздер Қазақстанның спорт элитасын

дайындап жатырсыздар. Бірақ өкінішке қарай, дайындаған шәкірттердің қазіргі нәтижелері алаңдаушылық тудырады. Көптеген параметрлер бойынша бірқатар мектеп-колледж-интернаттардың көрсеткіштері кәдімгі спорт мектептерінен төмен. Бұл жаттығу процесінде, психологиялық даярлықта, оқыту әдіснамасында олқылықтардың бар екенін білдіреді», – деді министр.

Оның айтуынша, мектептердегі кадр мәселесіне ерекше назар аудару қажет. Мектеп-интернат-колледждерде үздік жаттықтырушылар мен әдіскерлер жұмыс істеуі тиіс.

Сондай-ақ, министр мектеп-интернат-колледждерге оқушыларды қабылдау кезінде бақылауды күшейтуді, жоғары сынып және колледж спортшыларының нәтижелеріне жүйелі талдау жасауды, сондай-ақ қаржылық жағдай мен білікті мамандардың болуын ескере отырып, спорт түрлерін оңтайландыруды қарастыруды тапсырды.

ФУТБОЛ

ЧЕМПИОНАТ ҚАЙТА ЖАНДАНДЫ

2 айға созылған үзілістен кейін футболдан Қазақстан чемпионаты қайта жанданды.

Демалыс күндері ішкі біріншіліктің кейінге шегерілген 13 тур ойындары өтті. Павлодар қаласына қонаққа барған алматылық «Қайрат» Орталық алаңда «Ақсу» командасымен кездесті. Алаң иелері «сары-қара» команданы алғашқы минуттан қыспаққа алғанымен, алматылықтар өз ойындарын таба білді. 8-минутта «Қайрат» шабуылдаушысы Артур Шушеначев есеп ашты. Ал кездесудің 24-минутында тағы бір алматылық ойыншы бұл басымдылықты еселей түсті, Антон Крачковский қонақтар тарапынан екінші гол соқты. Павлодарлық ойыншылар есеп айырмасын екінші



таймда қысқарта алды. 78-минутта Мираас Тұрлыбек көзге түсіп, «Ақсу» жанкүйерлеріне үміт сыйлады. Дегенмен, бұл голдан кейін есеп өзгерген жоқ, матч 2:1 есебімен «Қайрат» клубының пайдасына шешілді.

Өзге ойындарға шолу жасап өтейік. «Шахтер» мен «Атырау»

кездесуінде есеп ашылған жоқ, екі команда бір-бір ұпайды қанағат тұтты. Тартысқа толы болған «Тобыл» мен «Тараз» командалары арасындағы матч та тең аяқталды, есеп – 2:2. «Ақжайық» өз алаңында «Каспийді», ал «Мақтаарал» «Тұран» командасын 2:0 есебімен жеңді. Педро Эуженио голының арқасында «Астана» «Қызылжардан» 1:0 есебімен басым түссе, «Ордабасыны» 3:1 етіп жеңген «Ақтөбе» ел чемпионатындағы бірінші орнын (32 ұпай) сақтап қалды. «Астана» 30 ұпаймен әзірге екінші тұр, ал 26 ұпай жинаған «Ордабасы», «Тобыл» және «Қайрат» 3–5-орындарға жайғасқан.

АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК



ҚАЗАҚСТАНДА - ЖАҢА ЧЕМПИОН!

Дияр Нұрғожай Eagle FC промоушнінің жартылай ауыр салмақтағы жаңа чемпионы.

Елордада Eagle FC ұйымының аралас жекпе-жекте кезекті турнирі өтті. «Барыс Аренада» өткен жарыстың басты оқиғасы қазақстандық жауынгер Дияр Нұрғожай мен ресейлік Константином Андрейцев арасындағы кездесу болды.

Өз елінде жекпе-жекке түскен отандасымыз Қазақстан жанкүйерлерінің үмітін ақтап, төрешілердің бірауыз шешімімен жеңіске жетті. Eagle FC белбеуін Диярға дейін қазақстандық спортшылардан Дәурен Ермеков иемденген. Ол орта салмақтағы уақытша чемпион атанған.

Аталмыш кездесуден соң, 25 жастағы аралас жекпе-жек жауынгері кәсіби мансабындағы барлық 8 кездесуін жеңіспен аяқтады. Оның ішінде Дияр 6 жекпе-жекті бірінші раундта-ақ аяқтаған. Бұл белбеу үшін Нұрғожай өткен жылы күресуі керек еді. Бірақ қарсыласының жарақатынан кейін жекпе-жек осы демалыс күндері өткен турнирге ауысқан болатын.

Бетті дайындаған Досбол АТАЖАН.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ӘР ДОП СОҚҚАНЫ ГОЛҒА АЙНАЛДЫ

Қазақстан футболының екінші лигасында қызық оқиға орын алды. 21 жастағы футболшы бір ойында 7 гол соқты.

21 жастағы «Тұран» жастар командасының шабуылшысы Бақдәулет Зүлфикаров Aqtobe City-ге қарсы кездесуде өз командасының барлық доптарының авторы болды. Ойын 7:1 есебімен аяқталды. Матчтағы алғашқы голды 24-минутта соққан Бақдәулет небәрі

56-минутта 7 рет көзге түсіп үлгерді. «Тұран» жастар командасы шабуылшысының осыншалық еркінсіп ойнауына 34-минутта қарсылас команда ойыншысы Сергей Лисенковтың ойын алаңынан қуылуы тікелей әсер еткені сөзсіз. Осы маусымдағы екінші лиганың 13 ойынында Зүлфикаров 20 гол соққан. Сондай-ақ, 4 ай қатарынан лиганың үздік ойыншы ретінде мойындалып келеді. Айта кеткен жөн, Бақдәулет «Тұранның» басты командасы үшін ҚПЛ-да 1 матч (82-минутта ойынға қосылды) және ел кубогында 2 ойын өткізген.



ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:

- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге
- бекітілген иінтірегін клапан батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғылы оқиғаларға себеп болады
- газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға
- желкөз және желдеткіш каналдар жабық тұрған кезде, қалған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға
- жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтырғыш газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.



ӨТКЕН ЖЫЛҒА
МАУСЫМЫНДА
153 АДАМ ЗАРДАП ШЕКТІ
50 АДАМ ҚАЙТЫС БОЛДЫ

ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ қрандарын жабу керек
2. Бөлмені желдету керек
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҮНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жеңіл

Бас ауру, түншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі

0,32% дейін Орташа

Қозғалудың қиындауы, естен тану

1,2% жоғары Ауыр

Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)



- Дәрігер шақыру

- Дәрігер келгенге дейін. Жеңіл уланған жағдайда мүсәтір спиртін искетіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек.

- Уланған жағдайда далаға шығару керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503

(жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 600,50 теңге

3 айға – 1801,50 теңге

4 айға – 2402 теңге

15503

(кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 1620,50 теңге

3 айға – 4861,50 теңге

4 айға – 6482 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен

ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 440,50 теңге

3 айға – 1321,50 теңге

4 айға – 1762 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне төрт айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY»

жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –

алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырман-дарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҰЙЫМДАР БАСШЫЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА:


2022 ж. 25 тамызда, сағат 06.00-ден сағат 07.00-ге дейін «АлЭС» АҚ Алматы А. Жакутов атындағы 2-ЖЭО-дан мекенжайы: Алматы қ. Алатау ауданы, «Алғабас» ықшамауданы, 7-көше, 130-үй БЖК Орталық тарату пунктінде дейін мекенжайы: Алматы қ., Әуезов ауданы, Төле би к., 308 үй Ду-1000 жылу магистралінде гидравликалық сынақ жұмыстары жүргізіледі.

Осыған байланысты «АлЭС» АҚ сынақ өтетін («Алғабас» ықшамауданы, Аксайская к., Марғұлан к., Трудовая к., «Алтын бесік» ықшамауданы, «Ақсай 3», «Ақсай-3 А» ықшамауданы, «Ақсай-3 Б» ықшамауданы, «Ақсай-2» ықшамауданы, Саин к. (Төле би және Қабдолов к.), «Сайран» Орталық халықаралық автобестігінің батысына қарай (Саин к. мен Өтеген батыр к. аралығында) аумақтың барлық тұрғындарының жылу магистралінің ықтимал бұзылуы жағдайында ауыр жаракат алуды болдырмау үшін қауіпсіздік техникасын сақтауды сұрайды.

Кәсіпорындар мен ұйым басшылары адамдарды сынақ өтетін жылу магистралінің аумағынан, ықтимал жазатайым жағдайды болдырмау үшін шығарсын.

Қосымша мәліметтерді «АлЭС» АҚ-нан алуға болады.
Тел.: 8 (727) 227-70-21.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК



№138 маршрут сызбасы өзгерді

Түркісіб ауданындағы «Қайрат» шағынауданы тұрғындарының өтініші бойынша 23 тамыздан бастап №138 маршрут схемасы өзгертілді. Енді ол Жетісу базарынан кері бұрылып, Жаяу Мұса көшесімен Рысқұлов даңғылына дейін жүретін болады, одан әрі схема бойынша қозғалады.

АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНЫҢ
КӨЛІК
ХОЛДИНГІ.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСҚЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруа-
шылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@
vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Akshamy» ЖШС.
almaty-aqshamy@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Айжан БҮРКІТБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80ВР00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортсындағы
жолаушыларға қолжетімді.



БІЛІМ

«Бала алдымен өз тілінде оқып және жаза білуі тиіс»



● **ОҚУ-АҒАРТУ** министрлігінің мәліметіне сүйенсек, жаңа 2022-2023 оқу жылында елімізде 3,6 млн бала 7637 мектепте білім алады.

● **БАЛАЛАРДЫ** 1-сыныпқа қабылдау науқаны кезінде ата-аналардан 400 мың өтініш түскен. Өтініш берушілердің 70%-дан астамы қазақ тілінде оқуды таңдаған.

● **БҰҒАН** дейін 1-сынып оқушылары үшін оқу жылының ұзақтығы 33 апта болса, енді 35 апта болады. Ал 2–11-сынып оқушылары үшін оқу жылы 34 аптадан 36 аптаға ұзарады.

● **КҮЗГІ** демалыс 31 қазан мен 6 қараша аралығында; қысқы демалыс 31 желтоқсан мен 8 қаңтар аралығында; көктемгі демалыс 18–26 наурыз аралығында; жазғы демалыс 1 маусым мен 1 қыркүйек аралығында өтеді. Бірінші сыныптар үшін 6–12 ақпан аралығында қосымша демалыс бар.

● **АҒЫЛШЫН** тілі 3-сыныптан басталады. Ведомство жүргізген арнайы зерттеулер мен сараптамалардың қорытындылары 1-сынып оқушысына үш тілді бірден меңгеру қиын екенін анықтаған. Сондықтан министрлік «Бала алдымен өз тілінде оқып және жаза білуі тиіс», – деген ұстанымды таңдап отыр.

● **ЯҒНИ** қазақ тілді мектептерде 1-сынып оқушысын тек қазақ тілінде оқытуды, ал орыс тілді мектептерде қазақ тілі мен орыс тілін оқыту туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ, қазақ тілді мектептерде екінші сыныптан бастап орыс тілі енгізіледі. Ал ағылшын тілі барлық мектептерде үшінші сыныптан басталады.

● **ДОМБЫРА** 6-сыныптан бастап үйретіледі. «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері 1-сыныптан бастап енгізілді. Музыка пәнінің шеңберінде 6-сынып оқушылары өз қалауымен домбыра үйрене алады.

● **ЖАҢА** оқу жылында 900 мыңға жуық бала тегін бір мезгіл тамақпен қамтылады.

● **«ҚАЗАҚСТАН** халқына» қоры есебінен аз қамтылған отбасында тұратын үлгерімі нашар 350 мың бала «Цифрлық ұстаз» жобасы арқылы қосымша білім ала бастайды.

● **ЖЕКЕМЕНШІК** балабақша тәрбиешілері де біліктілікті арттыру курсынан өтеді. Бір топқа екі тәрбиешіден.

● **МҰҒАЛІМДЕР** «Ұстаздық қызметіне адалдығы үшін» құрмет белгісімен марапатталатын болады.

● **ҚАЗІРГІ** уақытта республикада 120 жоғары оқу орны жұмыс істейді. 2022-2023 оқу жылына күтілетін студенттер контингенті – 609,5 мың адам. Оның ішінде 164 300 адам биыл оқуға қабылданады.

● **«ҚАЗАҚСТАН** тарихының» мазмұны өзгереді. «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәнінің орнына «Қазақстан тарихы» пәні енгізілді.

Нұр ЖАМАЛ.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ

МЕКТЕПТЕР ТАСТҮЙІН ДАЙЫН



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте БАҚ өкілдеріне мегаполис мектептерінің жаңа оқу жылына дайындығы туралы қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Айдын Сайлаубай кеңінен әңгімелеп берді. Орта білім беру секторында 301 мектеп бар, оның 210-ы мемлекеттік, 91-і жекеменшік.

«Мектепке жол» ашылды



Спикер алдымен «Мектепке жол» акциясының алғашқы нәтижелеріне тоқталып өтті. Биыл әр оқушыға мектеп формасы мен кеңсе тауарларын алуға 43 000 теңге бөлінді, оның 35 000 теңгесі – мектеп формасына, ал 8000 теңгесі – мектепке қажетті құрал-жабдықтар үшін. Қайырымдылық көмегімен 19 701 бала қамтылды, бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен 847 миллион теңге бөлінді. Төлемдер ақшалай ата-аналардың есеп карталарына аудару арқылы жүзеге асырылды.

«Акция аясында демеушілер халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы балаларға 5,6 мыңнан астам мектеп формасы мен мектептің керек-жарағы бар рюкзактар сыйға тартты», – деді А.Сайлаубай.

«Әліппемен» дос болам



Алдағы жаңа оқу жылынан бастап шаһар мектептері бес күндік оқу жүйесіне ауысады, ал оқу жылы 31 мамырда аяқталады.

«Қазақ тілді мектептерде «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады, орыс тілі 2-сыныптан, ағылшын тілі 3-сыныптан бастап оқытылады», – деді А.Сайлаубай.

Орыс тілінде білім беретін мектептерде «Әліппе», «Сауаттылыққа оқыту» және «Қазақ тілі» оқытылады, ал ағылшын тілі 3-сыныптан бастап оқытыла бастайды.

1-сыныптарда «Көркем еңбек» «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» болып екі пәнге бөлінді.

Спорт залдарының жүктемесінің шамадан тыс артуына байланысты және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін осы оқу жылынан бастап дене шынықтыру сабақтарында сыныптарды топқа бөлмейді.



Көркем әдебиеттер оқимыз

Білім басқармасы басшысының орынбасары жергілікті бюджеттен мектептерге оқулықтар мен көркем әдебиеттер сатып алуға 3 млрд 263 млн 457 мың теңге бөлінгенін хабарлады. Биыл 2-сынып оқушылары жаңа оқулықтар алады. 1–11-сынып оқушылары 25 тамызға дейін тегін оқулықтармен 100% қамтамасыз етілетін болады.

«Жаңа оқу жылында 300 млн теңге

сомасына көркем әдеби кітаптар және 37,11 млн теңгеге интеллектуалды бұзылған арнайы мектептерге арналған оқулықтар, зағип балаларға арналған рельефті-нүктелі Брайль қарпіндегі оқулықтар және көзі нашар көретін жеткіншектерге арналған ірілендірілген қарпін оқулықтары сатып алынады», – деп толықтырды сөзін спикер.

Денсаулық кепілі

Дұрыс тамақтану – балалар денсаулығының кепілі. Бізге білімді және дені сау са-лауатты ұрпақ керек.

Айдын Сайлаубайұлы биылғы 1 қыркүйектен бастап мемлекеттік мектептердің 1–4-сынып оқушылары тегін тамақпен қамтамасыз етілетінін атап өтті. Бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен жыл соңына дейін 5,3 млрд теңге бөлінген.

Айтпақшы, Алматы оқушылары биыл көк түсті мектеп формасын киетін болып белгіленген. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 49-бабында бірыңғай мектеп формасын енгізу туралы көрсетілген. Мектеп формасы күнделікті, салтанатты және спорттық болып бөлінеді. Мектеп формасының стилі, түсі классикалық стильде сақталады.



Алматыда үш мектеп ашылады

Шаһарда 1 қыркүйекте үш жаңа мектеп ашылады. Бұл туралы да білім басқармасының өкілі брифинг барысында мәлімдеді.

Ведомство өкілі атап өткендей, қазір қалада мектептердегі орын тапшылығын азайту іс-шаралары жалғасуда. Бүгінде ол 19 611 орынды құрайды.

«Биылғы 1 қыркүйекте «Қалқаман», «Саялы» және «Томирис» ықшамаудандарында 5100 орынды 3 жаңа мектеп және №191, №146, №125 мектептерінде 875 орынды қосалқы ғимараттар ашылады», – деді А.Сайлаубай.

Қаладағы жалғыз үш ауысымды №196 мектептің мәселесі де шешімін таппақ. Яғни оқу жылының басында «Мәдениет» ықшамауданында жобалық қуаты 1500 оқушыға есептелген жаңа мектептің есігі балаларға айқара ашылмақ.

Жыл соңына дейін 6000 орынды тағы 4 мектепті («Қалқаман-2», «Қайрат», «Дархан», «Нұркент» ықшамаудандарында) пайдалануға беру көзделуде. Сондай-ақ, №48 және №9 мектептердің қосалқы ғимараттары пайдалануға берілмек.

Қала әкімдігі 1800 орынды мектептерді орналастыру үшін екі ғимарат (Бостандық және Наурызбай аудандарында) сатып алады. Сонымен қатар, оқу жылының басында жеке инвестициялар есебінен 3250 орынды 6 мектеп (Әуезов ауданында – 280 орынды «Достық» мектебі, Медеу ауданында – 200 орынды «Вундер академия» мектебі, Наурызбай



ауданында – 590 орынды «Заман» мектебі, Түрксіб ауданында – 400 орынды Millennium мектебі ашылады, қалған 2 мектеп осы жылдың соңына дейін пайдалануға беріледі» қатарға қосылмақ.

Алматы қаласының Құрылыс басқармасы 9 мектепті қалпына келтіру және күрделі жөндеу жұмыстарымен сейсмикалық нығайту жұмыстарын жүргізуде, соның ішінде оқу жылының басында №166, №129 мектептерде жөндеу жұмыстарын аяқтау жоспарланып отыр.

15 қалалық мектептің «Мектеп спорт алаңдарын модернизациялау» жобасын іске асыруға жергілікті бюджеттен 1 млрд теңге бөлінді, жұмысты оқу жылы басталғанға дейін аяқтау жоспарлануда.